# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

15.03.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№10 (8124)



QOǴAM — ҰСТАЗДАРДЫ ҰМЫТПАДЫ — 3-бет

MEREI — БІЗ БІЛЕТІН ӘЛИХАН — 4-бет

AINA — ЖАҢА ЗАМАН ЗАУЫТЫ — 5-бет

ÁLEÝMET — ҚОҒАМ БОЛЫП ҚАРСЫ ТҰРАЙЫҚ! — 6-бет





***Ардақты ағайын!***
***Құрметті жерлестер!***

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен құттықтаймыз!

Наурыз мейрамы — әлемнің ең көне, ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мерекесі. Халқымыз қалың қыстан аман-есен шығып, күн нұрына бөленіп, Наурызбен келген табиғаттың жаңаруын қуанышпен, жақсылыққа үміт артып атап өткен.

Бүгінгі күні Наурыз мейрамы өзінің тарихи негізін сақтай отырып, бірліктің, ырыс пен ынтымақтың, ізгілік пен ақ пейілдің мерекесіне айналды. Осы айтулы күнге орай елімізде келер ұрпаққа үлгі болар жаңа дәстүрлер қалыптасты.

БҰҰ тарапынан халықаралық мереке ретінде танылған Наурызда әлемнің көптеген халықтарының ұлттық мәдениетінің ерекшеліктері көрініс табады. Наурыз – тек рухани жаңару ғана емес, сонымен қатар, қоршаған ортадағы тазалықты сақтау және оған жанашырлықпен қарау. Ұлық мереке Наурызда туған қаламыздың 65 жылдығына арналған ізгі істеріміздің лайықты орын алуына тілектеспіз.

Наурыз мерекесінде көріскен жандар бір-бірін құшақ жая қарсы алып, игі тілектер айтады. Ақ ниетпен өткенге алғыс айтып, ақ тілекпен жаңа Наурызды қарсы алайық! Жаңа өмірдің басы болып табылатын бұл жарқын және көктемгі мереке Отанымызға және әр отбасына қуаныш пен бақыт әкелсін! Бұл мереке келісім мен құрметтің, махаббат пен игіліктің дәнекері болсын!

**Жезқазған қаласының әкімі Қ. БЕГІМОВ**
**Қалалық мәслихат хатшысы С. МЕДЕБАЕВ**

**Халқымыз Ұлыстың ұлы күні атаған Наурызды «жаңару мейрамы» деп те жатамыз. Шынымен, күн мен түн теңеліп, табиғат ана жаңаша кейіпке енетін, жер-көкке көктемнің шуағы тарайтын шақ бұл. Біз көктемде қар еріп, жер бусанатынын, сай-сала суға толып, жоталарға көк шығатынын қайталап жатуды мақсат етіп отырғанымыз жоқ. Айтпағымыз, осы шақта табиғатпен бірге адам жаны, оның айналаға деген көзқарасы мен дүниетанымы да жаңарып, ескі-құсқы қағидалардан арылуы, бір сөзбен айтқанда рухани жаңғыруы керек. Ол жаңғыру дәл қазіргі шақта ең алдымен осы Наурыз мейрамын атап өтудегі жаңа ізденістерден басталса керек.**

# ЖАҢАРУ МЕРЕКЕСІНЕ ЖАҢАЛЫҚ КЕРЕК



Жалпы Наурыз туралы сөз көп. Оның тарихы, ұлт руханиятындағы орны деген мәселелерден бөлек, аталып өтілуі, жер-жерлерде тойлануы, ішілетін тамақ, киілетін киімге дейін сонау 90-жылдардан бері қызу талқы, сын, ұсыныс бір бәсеңдеген емес. Талқыланбасын, ұсыныс айтылмасын демейміз. Тек содан нәтиже бар ма? Оң өзгеріс байқала ма? Ондай ештеңе жоқ болса, бәлкім ұсыныстарымызды да қайта қарауымыз керек шығар? Осы тұста ел арасында Наурыз мейрамы мүлдем теріс бағытта атап өтіліп, лайықты қам-қарекет мүлдем жасалмады деген пікір тумау керектігін де ескерте кеткіміз келеді. Жер-жерлерде ұлттық нақыштағы іс-шаралар ұйымдастырылып, қазақтың көнеден келе жатқан салт-дәстүрі, ұғым, түсініктері барынша насихатталып жатыр. Дей тұрғанмен, мерекенің жалпыхалықтық сипат алып, қалың жұртшылық тайлы тұяғы қалмай атап өтетін мерекеге айналмай отырғаны тағы шындық.

Еліміздің Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы 2 наурызда әлеуметтік желі арқылы жұртшылыққа үндеу жасап, бұл мейрамды «өзіне сәйкес атрибуттарын қалпына келтіріп, фольклорлық-этнографиялық ауқымнан жалпы қазақстандық мереке дәрежесіне жеткізуге» шақырды. Министр Наурыздың аталып өтілуі «фольклорлық-этнографиялық ауқымнан» әрі аспай келе жатқанын ашық айтып отыр. Иә, осы мейрамда көшелерге қазақы үй тігіп, қазан көтеріп, тұсау кесер, беташар сынды дәстүрлерімізден көрініс қоятынымыз бар ғой. Бірақ, жасампаздығынан жасандылығы басым бұл іс-шаралар мейрамды шын мәніндегі жалпыхалықтық мерекеге айналдыру үшін жеткіліксіз болып отыр. Сонымен бірге, кей аймақтарда көшеге тігілген киіз үйлерге жұрттың кіруі, дәм татуы да көп дауға ұласып жатады. «Ел емін-еркін кіре алмаса ол үйлер неге тігілген?» деп ренжіп жататындар да бар. Әрине, үй тігілген соң жұрттың көргені жақсы. Бірақ, 80-90 мың халық тұратын шағын қалалардың өзінде Наурыз күні көшеге шығып, концерт тамашалайтын, көңіл көтеретін жұрттың саны 10 мың адамға жетіп қалады. Оның барлығын болмаса да тең жартысын киіз үйден тамақтандыру үшін қанша үй тігіліп, қанша тамақ дайындалуы керегін өзіңіз елестете беріңіз. Оның үстіне әр ұжым өзі жалға алып, бірнеше күн әуреленіп тіккен үйінің «қызығын» өзі көргісі келетіні – заңдылық. Сөйтіп, кейде бұл күн көңіл көтеріп, адамдар бір-біріне қуаныш сыйлайтын мерекеге емес, керісінше реніш туғызатын, көңілге қаяу түсіретін күнге айналып та жатады. Демек, осыған дейін қолданып келген формат өзгерісті қажет етеді.

Наурыз шын мәнінде жалпыхалықтық мейрамға айналуы үшін не істеу керек? Бұл сұраққа жауап іздегенде жұрт жаппай атап өтіп жүрген басқа мейрамдарды еске түсіріп көрейік.

►► *2-бетте*

# АМАЛ КЕЛДІ – ЖЫЛ КЕЛДІ

**«Жас құтты болсын!». Осындай тілек естіп көрдіңіз бе? «Көрісу күні» немесе «Амал мерекесі» туралы не білесіз?**




Кеше Қазақстанның батыс өңірінде әз-Наурыз Көрісу мерекесімен басталды. Көрісу күні ресми мейрам ретінде мойындалмаса да, батыс жұртшылығы бұл күнді асыға күтеді.

Бұл күні қала, ауыл тұрғындары ерте тұрып, жасы үлкен адамдарға сәлем береді. Көшпелі ғұмыр кешкен ата-бабаларымыз алты ай қыстан аман-есен шығып, көктемге иек артқан шақта туған-туыс, ағайынды іздеп барып, амандық сұрасқан. Төс қағыстырып, «Жасың құтты болсын!», «Жасыңа жас қосылып, ғұмырың ұзақ болғай!» деген тілектер айтады. Әр отбасы көршілерімен көріседі. Бұл күні әр адам міндетті түрде үш үйдің есігін ашуы керек, яғни түске дейін үш үйге кіріп, көрісіп үлгеруі тиіс. Үйді-үйді қыдырып жүргенде кішкентай балаларға аналары шағын дорба ұстатып қояды. Балақай қай үйге көрісуге кірсе, сол үйдің дастарханынан ауыз тиіп, бауырсақ, тәттілерден салып алады. Бұл жоралғы жыл бойы балаларымыз тоқ жүрсін, дастарханымыз аралас болсын, қарым-қатынасымызға сызат түспесін деген ниеттен туған. Осы кезде Абайдың «Қырдағы ел ойдағы елмен араласып, күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып...» деген өлең жолдары ойға келеді.

Көрісу күні бұрынғы өкпе-реніш кешіріліп, араздық ұмытылады, көрші-көлем бір-бірін наурызкөжеге шақырып, меймандардың отбасына, ағайын-туыстарына амандық-саулық, құт-береке тілейді. Көрісу — тек адамдардың бір-біріне амандасып, жақсылық тілейтін қауышу мерекесі ғана емес, сондай-ақ, жасы үлкендерге ізет көрсетіп, ілтипат білдіретін дәстүрлі көрініс. Бұл күні реніште жүрген жандар бас араздығын ұмытып, татуласады. Сондықтан, амал мерекесі – ағайын мен туыс арасындағы байланысты бекіте түсетін дәстүр.

Ертеректе көнекөз қариялар 22 наурызды «қызылбастың наурызы» деп атаған екен (Қызылбас – Иран, бұрынғы Парсы елінің қазіргі атауы). «Наурыз» сөзі – парсы тілінен шыққан, «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Шығыс елдерінің күнтізбесі бойынша, наурыздың басталуы хамал (амал) айының бірінші күні болып есептеледі. Хамал – Тоқты шоқжұлдызының ескіше атауы. Күн мен түн теңеліп, амал кірген сәтте Тоқты шоқжұлдызы туады. Қазақ халқы «наурыз» демей, «амал» деген. Бұл қазіргі күнтізбе бойынша 14 наурызға сәйкес келеді. «Көрісудің» екінші атауы «Амал» болуының сыры осында жатса керек. Ал «Көрісу» деп аталып кетуі осы «Амал» мерекесінде жасалатын басты салт көптен көрмеген бір-біріне жақын адамдардың кездесіп, көрісуі, өкпе-ренішке байланысты бет көріспей жүрген кісілердің кешірісіп, жүздесуінен туған болса керек.

Қазіргі күні 14 наурызда еліміздің батыс өңірі ғана ұлыс күнін тойлап, көріседі. Еліміздің қалған аймақтарында бұл дәстүр ұмытылған.

*Дайындаған* **Диана ОРАЗАЛИНА**

## ЖАҢА ЖҮЙЕ

# БИЛЕР АЛҚАСЫ ҚҰРЫЛАДЫ

**Әкімдікте қалалық сот қызметкерлері, ардагерлер қатысқан жиын осындай қорытындыға келді. Енді сотсыз татуласу рәсімін халық арасында кеңінен қолдану – дау-дамайларды оңтайлы шешудің төте жолы болмақ.**



Қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова төрағалық еткен жиынға қалалық сот төрағасы Жанболат Шортанбаев, қалалық ардагерлер кеңесінің мүшелері, түрлі сала ардагерлері қатысты.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы дамудың жаңа белесіндей болды. Дамудың қазіргі кезеңі ұлттық кодтың, мәдениетіміз бен дәстүрлеріміздің жаңғыруын талап етуде. Осы тұрғыдан алғанда, қазақтың билер сотын ұлттық құндылықтар қатарына жатқызу жөнінде көтеріліп жатқан мәселенің жаны бар. Қазақтың билер соты жайында зерттеуші Шоқан Уәлиханов былай «...қазақ әділ сотының беделі билердің Дала заңдарын терең білетіндігімен, олардың шешендік қабілетіне байланысты болған» десе, Ахмет Байтұрсынұлы өз мақалаларының бірінде «бұрынғы әділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлі дертін жазатұғын жақсы дәрі еді, бүгінгі арам билердің қолында дәрі болмақ түгіл, у болып тұр» деп жазған.

Ал бүгінгі күні билер жұмысын медиаторлар алмастыруға тырысып келеді. Екеуінің көздегені бір – екі жақты сотқа дейін татуластыру. Бірақ, билер кеңесі өз алдына бөлек құрылып, оның құрамында көнекөз қариялар мен білімді де білікті мамандар болса туындаған мәселені ақылға салып, таразылап шешуге септеседі.

Билер кеңесінің басты мақсаты – халық арасындағы ұсақ-түйек дауларды сотқа жеткізбей-ақ ауыл ақсақалдарының, яғни билердің араласуымен, кеңесімен шешу. Бұл игі бастама азаматтар үшін де, сот органдары үшін де тиімді, жалпы ел ішіндегі дауласушылық деңгейін азайтуға ықпал етеді.

Алдағы уақытта қалалық билер кеңесінің құрамы жасақталып, төрағасы сайланатын болады.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

## ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ СЫНЫП АШЫЛДЫ

**Қ.Шыңғысов атындағы №5 мектебі қалалық №24 жалпы орта білім беретін мектебімен бірлесе «Жас сарбаз» әскери-патриоттық сыныбын ашты.**

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында еліміздің әл-ауқатының өсуі жолындағы басты бағыттары атап көрсетілді. Бұл тарихи құжатта қазіргі жаһандық жағдайда әлем елдерінің көшінен қалмай, озық 30 елдің қатарына қосылу үшін ғылыми-техникалық, ақпараттық-технологиялық, әскери салаларды дамыту жайында айтылған. Кез келген мемлекет әскерімен айбынды. Сондықтан да, біздің алдымызда жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу міндеті тұр. Елбасымыздың Жолдауында білім беру мекемелері жанынан әскери-патриоттық тәрбие беретін «Жас сарбаз» орталықтарын құру жөніндегі тапсырмасы орындалуда. Бұл міндетті жүзеге асыру, жастарды өз елі мен жерін қорғауға тәрбиеленуіне жасалған нақты қадам.



Елбасы тапсырмаларын орындау мақсатында қаламыздағы №5 орта мектепте «Жас сарбаз» әскери-партиоттық саптық байқауы өтті. Аталған іс-шараға қалалық білім бөлімі тәрбие секторының меңгерушісі Г.Жақыпбекова, Жезқазған қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқарма жасақтау бөлімінің бастығы, аға лейтенант А. Оспанов және №24 орта мектеп директоры Г.Ідірісова қатысты. Шара барысында аталған мектептердің 7-сынып оқушылары «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық сынып қатарына қосылып салтанатты түрде ант қабылдады. Байқаудың қорытындысы бойынша жүлделі III орынды №5 мектептің 6-сынып және №24 мектептің 7-сынып оқушылары өзара бөлісті. Ал, II орын №5 мектеп пен №24 мектептің 9-сынып оқушыларына бұйырды. №5 орта мектептің 11-сынып оқушылары үздік нәтиже көрсетіп, жеңімпаз атанды.

Шара соңында №5 орта мектептің директоры Бекзат Құланбаева сөз алып, шараны қорытындылады. Ол өз сөзінде Елбасы жариялаған биылғы жастар жылында бұл жұмыстардың ауқымы арта түсіп, жаңа қарқын алатынын айтты.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

SARYARQA-АҚПАРАТ

## АҢШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ ҚҰРЫЛАДЫ

**Қазақстанда барлық аңшылардың қызметін реттейтін ақпараттық жүйе құрылады.**



Аң шаруашылығы қызметін цифрландыру жобасын «Қансонар» республикалық аңшылар қауымдастығының қорытынды жиналысында «Ranking», «Energyprom», «Finprom» компаниялар тобының басқарушы серіктесі Михаил Корнет таныстырды.

– Біз Интернетте сауда жасауға, мобильді қосымшаларды қолдануға үйреніп қалдық. Ал аң аулау саласында бәрі бұрынғыша еді. Аңшылар әлі күнге дейін қағаз картамен жүруге мәжбүр. Танысың арқылы аң аулайтын орын табасың, оны қағаз картадан іздейдің, жол көрсетуші жалдайсың. Сондықтан, платформа аясында геолокация қызметін енгізіп, аң аулау шаруашылықтары аумағын цифрландырғымыз келеді. Бұл саланы цифрландыру үшін инвесторлар тартып, транзакциялық кедергілерді түбегейлі жоятын, Қазақстандағы аңшылыққа сұраныс арттыратын жоба жасағымыз келеді, – деді Михаил Корнет «Қансонар» республикалық аңшылар қауымдастығының қорытынды жиналысында.

Оның айтуынша, жаңа жоба шамамен бір жарым жылда дайын болады. Онда туристік сайттардан қонақ үй таңдаған секілді аң аулайтын орындарды таңдауға болады. Тіпті Юбер моделінде жергілікті тұрғындардың такси, жол көрсетуші қызметтерін қосу жоспарланған.

– Телефон арқылы ақы төлеп, аңшылыққа электронды билет алу үшін серіктес банктермен бірігіп, электронды төлем жүйесін де енгізу қажет. Қазақстанға аңшылыққа келуді қалайтын шетелдіктерді әкелуде кедергі көп. Осыған байланысты нарық қатысушыларына қызметті жоспарлау мен инвестиция тарту бойынша бизнес-сараптама жинауға мүмкіндік беретін сараптамалық платформалар құрылады. Себебі, қауымдастықтан дені дұрыс мәлімет ала алмайсың, аңшылықпен айналысатындар нақты сұраныс көріп отырған жоқ, –деді ол.

## ҚАРАҒАНДЫ АВТОВОКЗАЛЫНАН МЕРЕКЕДЕ ҚОСЫМША АВТОБУСТАР ЖҮРЕДІ

**Наурыз мерекесінде Қарағанды автобекетінен адам көп баратын бағыттарға қосымша автобустар қатынайды. Олардың саны сұранысқа байланысты болады.**



Әзірге бұл қосымша рейстер 20 және 21 наурызға жоспарланған. Олар Қаражал, Павлодар, Киевка, Атасу, Жезқазған, Шымкент, Алматы, Қызылорда, Балқаш және Ақтоғай бағыттары бойынша жүреді. Наурыздың 20-ы күнгі рейс кешкі уақытқа белгіленді. Ал наурыздың 21 күні рейс таңертең және кешкі уақытқа белгіленді.

Қажет болған жағдайда рейстер саны мен жолаушылардың сұрауы бойынша бағыттар да көбеюі мүмкін.

## КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ЕНДІ МӨР КЕРЕК ЕМЕС

**Кәсіпкерлердің енді мөрді жасатпауға құқығы бар. Бұрын кәсіпкер есеп шот ашу үшін банкке барып құжаттар толтырып, мөр басуы керек болатын. Енді ешқайда шықпай-ақ электронды үкіметтен сол есеп шоттарды аша алады.**



Бұл туралы Алматы қаласы Әділет департаментінің заңды тұлғаларды тіркеу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы Ақерке Қожахметова брифинг барысында айтты.

Елімізде 2 ақпаннан бастап меншік құқықтарын қорғау және күшейту бойынша кейбір заңнамалық актілерге түзетулер енгізілген. Осыған байланысты электронды үкіметте де кәсіпкерлердің жұмысын жеңілдететін өзгерістер жасалған.

А. Қожахметованың айтуынша, Egov.kz электронды порталына заңды тұлға ретінде тіркелу барысында қосылған құнға салынатын салықты төлеуші ретінде де есепке тұруға болады екен.

– 2018 жылдың соңынан бастап Кәсіпкерлік кодекс пен бірнеше заңнамаға өзгерістер енгізілді. Енді екінші деңгейлі банктер мен өзге де мемлекеттік органдар шағын және орта бизнес субъектілерінен ешқандай құжатқа мөрлерін басуға міндеттей алмайды. Яғни кәсіпкерлердің мөрді жасатпауға құқығы бар. Бұл кәсіпкерлер үшін үлкен жеңілдік, – дейді ол.

НАУРЫЗДАН НАУРЫЗҒА ДЕЙІН

# МЕРЕЙЛІ ЖЫЛДЫҢ МЕЖЕСІ

**Алаштың ардақты қайраткерлерінің бірі Сұлтанбек Қожановтың: «Наурыз – табиғат мейрамы. Наурыз – діни мейрам емес, тұрмыс мейрамы, шаруа мейрамы» дейтіні бар. Бұл, байырғы қазақтың ұғымында Наурыз – ас ішіп, аяқ босатудың емес, өткеніне есеп беретін, тұрмыс-тіршілігінің келесі сатысын бағдарлайтын айтулы кезең екенін мегзейді. Қазіргі сәнге айналған тіркеспен айтар болсақ жылды қорытындылайтын уақыт. Ендеше, наурыздан наурызға дейінгі уақыт аралығындағы еліміздің ішкі және сыртқы жағдайына тоқтала кеткеніміз жөн болар.**

Әркімнің өз игілігіне орай жайлы жағдайда өмір сүргісі келетіні құпия емес. Дегенмен, кез келген адамның мұндай салиқалы тұрмысты орнықтыруға қабілеті жете бермейтіні де анық. Ол үшін адамның көп нәрсені үйренуі қажет. Кезінде көне гректер мұны «экономика», яғни «үйді басқару, шаруашылықты басқару» деп атаған. Сондықтан, халықтың әл-ауқаты мен мемлекеттің күш-қуаты экономиканы тиімді ұйымдастыруға, ұтымды басқаруға тікелей тәуелді. Яғни, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы күн тәртібінің өзекті мәселесі болып қала бермек. Осы ретте есепті кезең Қазақстан үкіметіне оңайға тимеді.

Жалпы ішкі өнім 4,1 пайыз болып, өнеркәсіптік өнім, әсіресе, өңдеуші сектордың үлесі, инвестиция көлемі біршама өсіп, кедейшілік, жұмыссыздық, инфляция деңгейлері межелі көрсеткіштерге дейін төмендегенімен, қоғамдағы әлеуметтік мәселелердің түйінін тарқату ісінде үкімет қауқарсыздық танытты. Елдегі әлеуметтік жағдай Астанада ағымдағы жылғы 4 ақпанға қараған түні Сарыарқа ауданы Шыңғыстау көшесі бойындағы жекеменшік тұрғын үйдің ауласында бөлек орналасқан уақытша жайдан өрт шыққаннан кейін ушығып кетті. Өртті сөндіру барысында 2006, 2008, 2013, 2015, 2018 жылы туылған бес баланың мәйіті табылған. Құтқарушылар нақтылағандай, ата-аналары ол кезде жұмыста болған. Көптеген қазақстандықтың пікірінше, егер елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуал түнгі ауысымда жұмысқа бару үшін балаларын қараусыз қалдыруға мәжбүрлік болмағанда бұл қайғылы оқиға орын алмас еді.

Осындай әлеуметтік шиеленіс кезінде үстіміздегі жылғы 21 ақпанда Президент Нұрсұлтан Назарбаев үкіметті тарату туралы шешім қабылдады. Ол өзінің шешімін: «Жүйелі жұмыс жүргізілмеді. Тұрғындардың нақты табысы өспеді. Отбасылардың бюджетінде азық-түлікке деген шығын көлемі арта түсті. Атқарушы органдардың салғырттығынан әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған тұрғындардың бір бөлігі атаулы әлеуметтік көмекпен қамтылмаған. Оның үстіне Үкімет мүшелері, министрлер, әкімдер халықпен жұмыс істей алмады, сондай-ақ, жұртшылықтың проблемаларына құлақ асып, атқарылып жатқан істер мен саясатты түсіндіру жұмыстарын жүргізуге шамасы келмеді», – деп түсіндірді. Сөйтіп, Мемлекет басшысы тәуелсіз Қазақстан тарихындағы Сағынтаев басқарған оныншы үкіметті таратты, оның жаңа құрамын жасақтап, оған үлкен әлеуметтік нақты іс-шараларды үш бағытта жүзеге асыру міндетін жүктеді, олар: табысты көтеру, ең аз қамтамасыз етілген отбасыларды қолдау. Екінші, табысы өте аз отбасыларын баспанамен қамтамасыз ету мәселесі және денсаулық, білім салаларының сапасын арттыру. Үшінші – өңірлік даму. Яғни, жаңа үкіметтің алдында Елбасы белгілеген әлеуметтік қамқорлық шараларын «майдан қылшық суырғандай» ептілікпен орындау міндеті тұр. Мәселен, осы жылғы 1 сәуірден бастап көмекке аса мұқтаж табысы аз азаматтар, көпбалалы отбасылар әлеуметтік көмекті алуы тиіс.

Әрине, өмір болған соң дүние бірде – шөл, бірде – көл. Шүкіршілік, біздің де басқаларға үлгі етіп тартатын үрдістеріміз бар екені даусыз. Келімді-кетімді шетелдік әріптестеріміздің айтатын ортақ пікірі осындай. Қазақстан шежіресі үшін өтіп бара жатқан жыл жетістіктерден кенде емес. Біріншіден жаһандық әрі геосаяси күн тәртібін белгілейтін әлемнің ең ірі халықаралық ұйымының басты органы – Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік кеңесіне біздің елдің төрағалық етуін айтқан жөн. Бұл өз Тәуелсіздігін бар болғаны 26 жыл бұрын алған мемлекеттің оны басқару мүмкіндігіне ие болуы – ілуде бір кездесетін жағдай. Жалпы, 2017-2018 жылдардағы БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшелігіміз еліміздің белсенді және жауапты халықаралық ойыншы ретіндегі беделін мейлінше нығайтуға, қауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға, өңірлік мәселелердің шешімін табуға жаңа екпін беруге, отандық дипломатияның кәсібилігін сапалық жаңа деңгейге шығаруға, мамандарымызды БҰҰ құрылымына ілгерілетуге, аса маңызды халықаралық проблемалар жөніндегі жедел ақпаратқа қолжетімділік алуға мүмкіндік берді.

Қазақстандағы айтулы жаңалықтың екіншісі – Шымкент қаласының республикалық маңызға ие болып, Түркістан облысының құрылуы болды. Бұл – демографиялық саясат жағынан да, экономикалық тұрғыда да тиімді шешім, аймаққа инвестиция тартуда да өз пайдасын тигізері анық. Түркістанның бүкіл түркі әлемінің рухани ошағының бірі екенін ұмытпау керек. Осы орайда, ұлт болашағы үшін күрескен Алаштың қайраткері, қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың:

«Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің Тәңірі берген несібесі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен»,

– деген өлең шумақтары еріксіз ойға оралады. Иә, Түркістан – елдің ең танымал әрі этномәдени бренді. Біз оны ары қарай дамытып, туристер үшін ғана емес, түркі әлемінің зерттеушілері және тарихшылары үшін де кеңінен танымал ете түсуіміз қажет.

Үшінші маңызды оқиға – Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияның қабылдануы. Осы конвенция Каспий теңізінің жағасындағы бес мемлекеттің 25 жылдық келіссөзіне нүкте қойды. Бұл құжат аталмыш елдерге Каспий теңізі ресурстарын қолданып қана қоймай, ең алдымен Қазақстанның халықаралық шекарасын бекемдеуге мүмкіндік береді. Осынау тарихи құжат Қазақ елінің келешектегі буыны үшін аса ауқымды мұра ретінде қалады деп ауыз толтырып айтуға әбден болады.

Өтіп бара жатқан жылдың айшықты белгісінің енді бірі, ол – Нұрсұлтан Назарбаевтың төлтумасы саналатын елордамыз Астана қаласының 20 жылдық мерейтойы екендігін айтқан жөн. Тұңғыш Президенттің Қазақстанның заманға лайық жаңа астанасын салу жөніндегі идеясы іс жүзінде қуатты экономикалық ірі жобаның бастауы болатын. Ал, бүгін Астана жан-жақты дамыған, мәдени ошақтары көп, қалалық қызмет көрсету деңгейі тұрғындар мен қонақтар үшін қолайлы, ел экономикасының бас қайнары ретінде әлемнің үздік қалаларының біріне айналды, «Астананың өркендеуі – Қазақстанның өркендеуі» деген сөз тіркесі бүгіндері ел жүрегіне сіңіп, нақыл сөзге айналып үлгерді.

Елеулі оқиғалар қатарына Қазақ жерінде өткен кезекті VI Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін жатқызу орынды. Бұл жиында әлем бойынша өзекті дін мәселесі жан-жақты талқыланып, нәтижесінде көптеген көкейкесті сұрақтар өз шешімін тапты. Келесі съезд 2021 жылы өтетін болды. Сонымен қатар, біздің елімізде Орталық Азия басшылары бас қосты. Мұндай оқиға бұрын соңды болмаған еді, енді аталмыш кездесу жыл сайын өткізілетін болып ұйғарылды. Осы ретте Орта Азия елдерінің басын қосатын бұл маңызды жиынның келер жылы Ташкентте өтетінін айтқан жөн. Ал әлемдік саясаттағы маңызды оқиға Оңтүстік Корея мен Солтүстік Корея басшыларының кездесуі болды. Ким Чен Ын 65 жылдан бері алғаш рет оңтүстікпен арадағы шекарадан өтті. Ізінше, ҚХДР басшысы АҚШ президенті Дональд Трамппен кездесіп, Корей түбегін ядролық қарусыздандыру келісіміне қол қойды. Бүгінде Корей түбегі екі арадағы теміржол саласын жандандыруды, қарулы бекеттердің көзін жоюды қолға ала бастады. Сондай-ақ, 2018 жылы АҚШ-та ең қымбат Конгресс сайлауы өтті. Одан бөлек Ангела Меркель Германия канцлері сайлауына қатыспайтынын мәлімдеді. Францияда ең ауқымды наразылық шарасы өтті.

Ит жылының талқыға түскен саяси жаңалығы Түркия мен АҚШ болды. Тамыз айында Анкара мен Вашингтон дауласып қалды. Мұндай жанжалды НАТО-да күтпеген еді. АҚШ Түркияға санкция жаудырды. Тиісінше Реджеп Тайип Ердоған әлемді АҚШ долларынан бас тартып, еуроға көшуге шақырды. Дегенмен, бұл жыл тараптар үшін жағымды жағдаймен аяқталды. Ең қызығы екі тарап енді айнымас дос. АҚШ пен Қытайдың арасындағы сауда соғысы уақытша болса да үзіліс алды. G20 саммитінен соң Бейжің мен Вашингтон келісімге келіп, 90 күнге сауда соғысын тоқтатты. Ал, бүгін тіпті екі тарап арасындағы ахуал жақсарып, келісім аясында нақты жұмыстың басталғандығы мәлім болды. АҚШ-тың тарифты өсіруді доғарғаны Қытай тарабын қуантып отыр. Өз кезегінде Қытай да американдық көліктерге салынатын тарифтерді арзандатты. Бұл да мәмілеге келудің белгісі.

Иә, бейбіт өмірдің маңызын әрбір ел жіті қадағалап, ауадай қажеттілігін сергек сезіне отырып, қоғамның қымбат қазынасы ретінде сүбелі үлес қосса, нұр үстіне нұр болар еді. Бұған негіз де жоқ емес. Білікті мамандардың арнайы зерттеулеріне сүйенсек, екінші дүниежүзілік соғыстан бері әлемде 170 рет соғыс өрті тұтаныпты. Қазір де төрт құрлықта 24 жерде соғыс сипатындағы қақтығыстар орын алуда. Алаңдатарлығы сол, Ресей мемлекетімен АҚШ және Батыс елдері арасындағы текетірес бүгінде ушыға түсуде, мұның арты әлемдік деңгейдегі қарулы қақтығыстарға ұласып кетуі бек мүмкін. Осындай жағдайда Қазақстан үшін қауіпсіздік мәселесі өте өзекті болып қала бермек. Осы ретте азулы мемлекеттермен қарым-қатынасты дұрыс жолға қою мәселесінде де бұл жыл табысты болды. Назарбаевтың АҚШ Президенті Дональд Трамппен, ҚХР төрағасы Си Цзиньпинмен, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен кездесулері елде қауіпсіздікті нығайтуға, тұрақтылық пен орнықты дамуды қамтамасыз етуге ықпалы болғанын айтқан жөн.

Сөз жоқ, басты құндылығымыз – тәуелсіздік пен елдің тыныштығы. Осы екеуінен айырылсақ, бәрінен де айырыламыз. Бізге соғыс пен бүліктің кегері жоқ, ат төбеліндей аз қазақ эволюциялық жолмен өсуіміз керек. Сондықтан да Президент Назарбаев биыл құрылғанына 20 жыл толып отырған «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде Қазақстанда жаңа даму кезеңінің басталғанын әрі осы алдымыздағы он жылдың 30 дамыған елдердің қатарына кірудегі шешуші жылдар болатынын атап өтті. Ал бұл шешімді іске асыру жаңарудың басы саналатын, табиғат атаулының тіріліп, өмірге жаңаша бір құлшыныспен қадам басатын, еліміздің бірлігін сақтап, туған-туысқанның басын қосып татулыққа, бауырластыққа шақыратын Наурыз айынан бастау алатынын жақсылықтың нышанына балаған жөн. Олай болса, Қазақстан жылдан жылға дамудың табан жолынан даңғыл жолына өте отырып, өркениеттің төріне шығарына сенім мол.

**Кенжеболат МАХМҰТҰЛЫ,**
**саясаттанушы**
*Астана*

# ЖАҢАРУ МЕРЕКЕСІНЕ ЖАҢАЛЫҚ КЕРЕК

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Мысалы, 31 желтоқсаннан 1 қаңтарға қараған түні қарсы алатын «Жаңа жыл» мерекесін алайық. Желтоқсан айы туа салысымен көшелерге, сауда орындарына, басқа да жерлерге «жаңа жылдың» жақындағанынан хабар беретін құттықтаулар жазылып, безендіру жұмыстары басталады. Ел бір-біріне сыйлық іздеп, «жаңа жыл» дастарханын әзірлеудің қамына кіріседі. Базарлар мен дүкендерде – ұзын-сонар кезек, қарбалас. Телеарналар бірнеше күн арнайы мерекелік бағдарламалар көрсетумен әлек. Және мұның барлығы жоғарының нұсқауынсыз, арнайы ұйымдастырусыз болып жататын құбылыс. Жалпыхалықтық мереке деген осындай болса керек, сірә. Ал, Наурызда неге мұндай белсенділік жоқ? Министр А.Мұхамедиұлы да осыған назар аударып, Наурыз нақыштары ретінде бірқатар нақты ұсыныс айтыпты. Газетіміздің өткен санында жарияланған сол ұсыныстардың бірқатарына тоқтала кетейік.

«Наурыз мерекесінің негізгі мағынасы – ұлттық намыс пен рухани болмысымызды жаңғырту. Сондықтан да Наурызға іргелі ізденістер мен тарихи, әрі заманауи шаралар керек» деген министр Наурыздың нақышын келтіруді балаларға сыйлық жасаудан бастау керегін айтады.

«Жаңа жылда Аяз Атаның, Рождествода Санта-Клаустың сәбилерге сыйлық беруі, отбасы мүшелерінің бір-біріне тарту-таралғы жасауы сияқты дәстүрдің берік орнығуы бұл мерекелерді халыққа барынша жақындатқаны мәлім. Жаңа жылдан әрбір бала тосын жаңалықтар күтеді. Наурызда да балалардың есінде қалатындай мереке сыйлағанымыз жөн», – дейді А. Мұхамедиұлы.

Министр балаларға берілетін ол сыйлықтарды қазіргі заманға лайықтап, шоколадпен көмкеріп, көрнекі қаптамасын жасап, көз тартар қорапқа салып, ұлттық тағам аясында әзірленетін жент, талқан, балқаймақ, кілегей, құрт, сүзбе, уыз, ірімшік және тағы басқаларын әдемі де шақты етіп әзірлеу процесін жолға қоятын мезгіл жеткенін айтады. Яғни, желтоқсан айында «жаңа жылды» атап өту кезінде балаларға қандай сый-сыяпат жасасақ, Наурызда да сондай дәстүр қалыптасуы керек. Бұл әріден ойласақ, көктем мерекесінің келешегін кемел ететін бастама. Бала кішкентайынан Наурыз мерекесіне қатысты жағымды түсінік қалыптастырады.

Мәдениет және спорт министрінің балаларға сыйлығы бір бұл емес. Ол орта мектептердегі 3-тоқсан мен 4-тоқсан аралығындағы каникулдардың да уақытын өзгертуді, каникулға оқушылардың бұрынғыша Наурыз мерекесінен кейін емес, оның қарсаңында шығуын ұсынды. Сонда балалар үшінші оқу тоқсанын 14 наурызда аяқтап, 24 наурызға дейін демалады. Оқу-тәрбие процесіне еш кедергісі жоқ бұл ұсыныс жүзеге асса, балалар Наурыз мейрамын алаңсыз отбасымен, ағайын-тумаларымен қарсы алуына ғана емес, тоқсанаралық каникулдардың арасында жиілік тепе-теңдігінің сақталуына да мүмкіндік туады. Онсыз да оңды-солды өзгерістерден кенде емес білім беру саласының басшылары бұл ұсынысты зерделеп, қолданысқа енгізу жағын қарастырып жатса, құба-құп болар еді.

Наурызда сыйлық жасау дәстүрін қалыптастырып, адамдар бір-біріне қырдың қызғалдағын ұсынуды оның құрамдас бөлігіне айналдырса, бұл еңбек ұжымдарында, оқу орындарында мерекелік көңіл-күйді күшейтуге, адамдардың бір-біріне деген сый-құрметін арттыруға, әрі-беріден соң жастардың эстетикалық талғамын қалыптастыруға оң ықпал етер еді. Сондай-ақ, түрлі мекемелер мен сауда, ойын-сауық орталықтары, алаңдар мен бульвар, скверлер де көктем нақышына сай ерте безендірілсе, мерекенің ел ішіндегі қадірі арта түседі емес пе?

Бұл күні күн мен түн теңесетінін бүгінде білмейтін қазақ жоқ. Алайда, біз осы бір ғаламат құбылысты Наурыздың негізгі символикасына айналдыра алдық па? 31 желтоқсаннан 1 қаңтарға қараған түні «жаңа жылды» күткендей немесе мектеп бітіру кештерінен соң таң шапағын қарсы алғандай, «Жаңа күнді» отбасымызбен, жақын-жұрағаттарымызбен неге күтпеске? Осы түні теледидардан танымдық, көңілашар хабарлар ұйымдастырылса, ел біткен жаңа күннен жақсылық күтіп, ақ тілектерін ақтарып, мол дастархан басында жиналса ғанибет емес пе?

Бұл ұсыныстардың дені – Үкіметтің қаулысын шығаруды, я болмаса қазынадан қыруар қаржы бөлуді қажет етпейтін, жұрт болып жұмылып-ақ атқаруға болатын шаруалар. Наурыздың мәні де сол бұқаралық сипатында емес пе? Яғни, көктем мен жаңару мерекесін жаңа реңкте атап өтуіміз үшін алдымен өзімізге сана сілкінісі керек сияқты. Наурызды бір күндік концерт тамашалайтын, көшеде тігілген киіз үйлерді аралайтын күн деп қана қабылдасақ немесе берілетін демалысы үшін ғана құрметтесек, онда санамыздың жаңғырмағаны. Әрине, мейрамның сәнін келтіріп, мазмұнын байытатын көпшілік іс-шаралар да ұтымды ұйымдастырылуы керек. Мәселен, бұл күні аударыспақ, тоғызқұмалақ, қазақ күресі сынды ұлттық спорт түрлерінен қала аудандарында жарыстар ұйымдастырылса, балалар үйі, мектеп-интернаттарда қайырымдылық кештері өтсе, ол іс-шараларға өзге этнос өкілдерін көптеп жұмылдыра алсақ, Наурызды ұлттық бірегейлікті нығайтудың тиімді құралына айналдырған болар едік. Ұлыстың ұлы күнін қарсы алу дәстүрін «этнографиялық-фольклорлық» шеңберден шығару үшін оқушылар мен студенттер арасында робот техникасы, компьютерлік бағдарламалау сынды заманауи бағыттар бойынша байқау-сайыстар өткізілсе де артық болмайды. Сонымен бірге, Наурыз қарсаңында тазалық шараларын, күн райына қарай ағаш отырғызуды дәстүрге айналдырғанымыз жөн. Мұның барлығы жаңару мерекесімен жарасым табуы үшін әрине, Наурыздың түпкі мәнін терең түсінуіміз қажет.

**Дархан МҰХАН**

НАУРЫЗ-МАРАПАТ

# АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАУ

## *Алматы қаласында жалғасты*

**Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетінің жарық көре бастағанына былтыр 45 жыл толған болатын. Аймақтағы аға газеттің бұл тойы бұрын-соңды болмаған жоғары деңгейде дүркіреп өткені және мәлім.**



Редакцияның бұрынғы қызметкерлерінің басым көпшілігінің басы қосылған сол ұлы жиынға әртүрлі себептермен қатыса алмаған ардагерлер де болды. Бірақ, тойға келе алмағанмен олардың да сый-сияпаттары редакция қоржынында сақтаулы қалпында тұрған еді.

– Шығыс ежелден-ақ Жаңа жылды Наурызда қарсы алған ғой. Өткен жылдың сыбағасын келер жылға жеткізбей иелеріне табыстағанымыз дұрыс, – деген «Saryarqa» газетінің бас редакторы Дархан Мұхан Алматы қаласында тұратын газеттің бұрынғы қос қызметкері Ибрагим Бекмаханұлы мен Итен Қарымсақұлына газеттің мерейтойлық медалын Наурыз мерекесі қарсаңында арнайы барып табыстауды ұйғарды. Бұл салтанатты рәсімді орындау журналист, мерейтойлық медальді әзірлеуге мұрындық болған «Шындық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Абдолла Дастановқа жүктелді. Дүйсенбі күні А. Дастанов «Жұлдыз» журналында болып, журналдың бас редакторы, «Saryarqa» заңды мұрагері болып табылатын «Жезқазған туы» газетінің бұрынғы қызметкері, Алаштың айтулы ақыны Ғалым Жайлыбайға аталмыш медальді И.Бекмаханұлына тапсыруды өтінді. Ал, Ғ. Жайлыбай өтінішті аса зор құлшыныспен қабылдап, мерейтойлық медальді И.Бекмаханұлының кеудесіне тақты.

Бұдан соң Итен Қарымсақов ақсақалға мерейтойлық медаль ол өзі жұмыс істейтін «Алматы ақшамы» газетінің редакциясында тапсырылды. Марапат иелері өздерін ұмытпай, еңбектерін ескеріп, арнайы медальмен марапаттағаны үшін



«Saryarqa» газетінің, ұжымына зор алғыс сезімдерін білдірді.

– Наурызға деген ең үлкен сыйлық осы болды, – десті олар.

**Абдолла ДАСТАНОВ**
*Жезқазған-Алматы-Жезқазған*

ТАҒАЙЫНДАУ

# АУДАНАРАЛЫҚ БАСҚАРМАДА – ЖАҢА БАСШЫ

**Қарағанды облысы әкімінің бірінші орынбасары Асылбек Дүйсебаев Жезқазғанға келген жұмыс сапарында актив жиналысын өткізіп, Жезқазған аймағы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ауданаралық басқармасының жаңа басшысын таныстырды.**



Жиынға Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ұлттық бюроның Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысы Денис Шакенов, Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданының мемлекеттік мекеме басшылары қатысты.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаевтың 2019 жылғы 6 наурызындағы бұйрығымен Жезқазған аймағы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ауданаралық басқарма басшысы қызметіне Әнуарбек Иманғалиұлы Оразбеков тағайындалды. Әнуарбек Иманғалиұлы 1986 жылы Қарағанды облысында туған. Білімі – жоғары. 2008 жылы Қарағандыдағы «Болашақ» университетін тәмамдаған ол мемлекеттік қызметке алынды. Бүгінге дейін қаржы полициясы саласында еңбек еткен ол 2018 жылдың қарашасынан бастап Балқаш аймағында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ауданаралық басқармасының басшысы міндетін атқарған.

Жергілікті мемлекеттік органдар қызметшілерімен кездесуде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ұлттық бюро Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы Денис Шакенов сөз алды.

Ол өз кезегінде 2018 жылы облыс деңгейінде сыбайлас жемқорлықпен күрес саласында атқарылған жұмыстарды баяндамасына арқау етті.

–Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап сыбайлас жемқорлықпен күрес ел саясатының басты басымдықтарының бірі болып келеді. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауы аясында Елбасының тапсырмасы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау жүйесінің реформасын жүргізу бағытында одан әрі тиісті шаралар қабылданып жатыр. Сондай-ақ, биылғы Жолдауда 2019 жылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 90 пайызы электронды форматқа көшуі тиіс деген тапсырма қойылған болатын. Әрине, бұл қадам мемлекеттік қызметшілердің тұрғындармен тікелей қарым-қатынасын азайтып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алады. Жемқорлыққа қарсы шаралардың бірі ретінде былтырдан бері Қарағанды облысында іске қосылған «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобасын қарастыруға болады. 2018 жылдың 23 қарашада Қарағанды облысының әкімдігі мен ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттінің арасында «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобасының жарғысына қол қойылды. Жалпы, жобаға үш сала енгізілген. Олар: тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жою және азаматтарға жайлы жағдай жасау, қоғамдық бақылауды жүзеге асыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Осы жобаны іске асыру арқылы мемлекеттік қызмет көрсетулердің сапасын арттыруға, азаматтар мен бизнес үшін кедергісіз және жайлы жағдай жасауға, мемлекеттік органдардың ашықтығын қол жеткізу көзделген, – деген Денис Шакенов сыбайлас жемқорлық фактілері көбінесе құқық қорғау органдарында, білім беру, денсаулық сақтау және құрылыс сынды салаларда әлі де тыйылмай тұрғанын тілге тиек етіп, парақорлықпен кешенді күрестің арқасында бүгінгі күні оның саны екі есеге төмендегенін жеткізді. 2017 жылы Жезқазған аймағы бойынша мемлекеттік қызметшілер арасында жемқорлыққа жол берудің төрт фактісі анықталса, 2018 жылы облыс көлемінде 23 тұлға, оның алтауы Жезқазған аймағынан пара алғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған.

– Елбасы үнемі мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтудің жаңа басымдықтарына және мемлекеттік қызметте кадр іріктеу мәселесіне, қазіргі заман талабына сәйкес мемлекеттік қызметкерлердің ішіндегі басқару этикасын қалыптастыру өзектілігіне көңіл бөлуде. Осы тұрғыда мемлекетімізді нығайту жолындағы жетістіктерге жету үшін мемлекеттік қызметті жетілдіру, халыққа қызмет сапасын арттыру ісінде әрбір мемлекеттік қызметшінің басты қағидасына айналуы тиіс және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мен оның жолын кесуді әр мемлекеттік қызметші өзінің міндеті санауы қажет, – деп жиналғандарға ой салды облыс әкімінің орынбасары.

Актив жиналысының соңында Жезқазған қаласының ардагерлер кеңесі төрағасы Айып Байқасынов пен қаланың Құрметті азаматы, қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары Сағындық Қожамсейітов Әнуарбек Иманғалиұлының алдағы жұмысына табыс тіледі.

– Сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде күшейгенін білеміз. Жоғарыда айтылғандай жергілікті атқарушы билік өкілдері көбінесе парақорлыққа қатысы бар деп айыпталып жатады. «Бірдің кесірі мыңға тиеді» демекші, қазір қоғамда мемлекеттік қызметшіге деген сенім жоқ. Сондықтан, мемлекеттік қызмет пен осы салада адал еңбек еткендердің қоғамдағы мәртебесін көтеруге баса назар аударуға шақырамын, – деген Сағындық Үсенұлының ұсынысы көпшіліктің қолдауын тапты.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

«7-20-25»

**«Нұр Отан» партиясының Жезқазған қалалық филиалы ғимаратында «7-20-25» тұрғын-үй бағдарламасы бойынша қала тұрғындарына түсіндіру жұмыстары жүргізілді.**



# БАСПАНАЛЫ БОЛУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

Қабылдауға он шақты адам келді. Барлығының басты мәселесі – баспана. Бірі үйдің кезегіне тұрғанына 10 жылдан асып кеткен көпбалалы ана, бірі сол кезекке қалай тұрарын білмей жүрген жас отбасы. Аталмыш шара барлығының бас ауруына айналған мәселені көп болып шешуді көздеді.

Жиынды «Нұр Отан» партиясының Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова ашып, жүргізді. Сонымен қатар, бұл шараға қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі менавтомобиль жолдары бөлімінің заңгері Асылхан Әлімсейіт, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» қаржылық кеңесшісі Ұлзира Жанназарова, «Қазақстан халық банкі» филиалының өкілі Руслан Нұрахметов пен басқа да екінші деңгейлі банк өкілдері қатысып, келушілермен сұхбаттасты. Үйлі болудың тиімді жолын қарастырды. Айта кетсек, Қазақстанда «7-20-25» бағдарламасымен 8 коммерциялық банк ипотекалық несие ұсынып отыр. Олардың қатарында «Центркредит банк», «АТФ банк», «Цесна банк», «Халық банк», «Сбербанк», «РБК» банкі, «Forte Bank», «Еуразия банкі» бар. «7-20-25» бағдарламасы бойынша несие беріп жатқан қаржы институттарының қатарында Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі жоқ. Дегенмен, бұл банк «7-20-25» бағдарламасын қабылдай қоймаса да, оның 7 пайызбен 23 жылға дейін несие беру бағдарламасы бар. Ол жоғарыда айтылған мемлекеттік бағдарламаның аналогы деуге болады. Ал, Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі ұсынысының ерекшелігі – үш жыл ақша жинау керек.

Мемлекет басшысының бастамасымен «7-20-25» бағдарламасы 2018 жылдың шілде айында іске қосылды. Қазақстандықтарға жылдық 7%-дық мөлшерлемемен, 20% бастапқы жарнамен және 25 жыл мерзімге несиеге баспана сатып алу мүмкіндігі пайда болды. Бұл бағдарлама көп адамның арманын орындап, түйткілді мәселесін шешіп бергендей. Бірақ, қабылдауға келген тұрғындар аталмыш бағдарламаның қандай жүйе бойынша жұмыс істейтінін біле бермейді екен. Халықты ақпараттандыруды көздеген мамандар жезқазғандықтар жеңілдіктер, баспана алу үшін жиналатын құжаттар жайында түсінік берді.

**Сара ТЕМІРҒАЛИ**

САЛТАНАТ



# АРУЛАРҒА АРНАЛДЫ

**Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жиын өтті.**

Көктемнің келгенін сездіретін 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні барлығы аруларды құттықтауға асығады. Бұл күні барлық мадақ-мақтау да, сый-құрмет те, ізгі тілек те анаға, апа-қарындасқа, асыл жарға арналады. Жиналғандарды алғаш болып қала басшысы Қайрат Бегімов құттықтады. Ол өз сөзінде:

– Ана – тіршіліктің тірегі. Ешбір байлық ананың ақ жүрегіне жетпейді. Ардақты аналар, сіздерге деген біздің алғысымыз шексіз. Біз бүгін сонымен қатар асыл жар, апа-қарындас және аруларымызға ақ тілегімізді жеткіземіз. Сіздер барда біздің әр күніміз мереке. Күндей күлімдеп, жаздай жадырап, аман-сау жүріңіздер! – деп ақ тілегін жеткізді.

Қала әкімі көпбалалы Ботакөз Қашаубаева мен Любовь Провотороваға ҚР Президентінің Жарлығымен тағайындалған «Күміс алқаны», байыту фабрикасының флораторы Валентина Селивановаға III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденін табыс етті. Сонымен қатар, қалалық мәслихат аппаратының бас маманы Гүлшат Әбдіраманова және мәслихат аппаратының көшіріп көбейту машинасының операторы Наталья Загадованы Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасымен, №13 орта мектептің мұғалімдері Ырысты Ермағанбетова мен Әсия Қалманбаеваны, №4 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Любовь Орехованы және физика пәнінің мұғалімі Галина Люкаеваны, қалалық кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығының тәрбиешісі Бану Сәрсенбинаны Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Ханымдарды келесі болып қалалық мәслихат хатшысы Советбек Медебаев құттықтады. Ол өз сөзінде ақжаулықты, алтын құрсақты аналарға алғыс білдірді. Құттықтау сәті марапаттаумен жалғасты. «Алтын алқа» иегері, батыр ана Нағима Айтуғанова, Мәуежан Дүйсенбаева, Рахима Ағайдарова, Дүйсенкүл Өтегенова, Жезқазған қаласы әкімдігінің ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің басшысы Лейла Әлкебаева, Кеңгір селосы №2 орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі, көпбалалы ана Меруерт Әбенова, «Ютария LTD» өндірістік-инновациялық компаниясының тігінші операторы Сәуле Сахалова, гуманитарлық колледж директорының оқу-өндірістік тәжірибе жұмысы жөніндегі орынбасары Гүлфайруз Қалжанова, қалалық көпбейінді ауруханасының медбикесі Дина Көлбаева, қалалық емхананың медбикесі Мадина Әжмағанбетова, қалалық мәслихат аппаратының хатшысы Арайлым Бақтыбаева Жезқазған қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Шара мерекелік концертпен жалғасты. Қала қонақтары мен тұрғындары және сала үздіктері концертті тамашалап, жергілікті және қарағандылық өнерпаздардың өнеріне қанық болды. Сахна саңлақтары ана, туған жер тақырыбындағы әндерді шырқап, жиналған қауымды серпілтіп тастады. Отшашумен аяқталған концерт жиналғандарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

# ҰСТАЗДАРДЫ ҰМЫТПАДЫ

**«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Жезқазған аумақтық кәсіподақ ұйымы» қоғамдық бірлестігінің «Жезқазған қалалық білім қызметкерлері кәсіптік одағының ұйымы» филиалы мен қалалық білім бөлімі Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында бірқатар ардагер ұстаздардың үйінде болып, мейраммен құттықтап қайтты.**



Білім саласында ұлағаттылықтың ұлы жолын таңдаған ұстаздар қауымында – нәзік жандылардың алар орны ерекше. Әсіресе, саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиелеп, оларды білім нәрімен сусындатқан ұстаздарға құрмет ерекше болмақ. Бұл дегеніміз – әйел-ұстаздардың еліміздің ең басты байлығы адами капиталын дамыту жолында, яғни өскелең ұрпаққа білім беру жолындағы белсенділігі, беделі мен мәртебесінің көрінісі.

Құттықтаушылар ең алдымен Раиса Неживыхтың үйінде болды. ҚР оқу ісінің үздігі Раиса Наджиповнаның жалпы еңбек өтілі – 40 жыл. Оның он жылын Қ.И.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейде өткізіп, сол білім ордасынан зейнеттік демалысқа шыққан. Талай балаға ағылшын тілін үйретіп, үштілділікке сол кезде баулыған ол Австрияда, Англияда болып, талай халықаралық байқаулардың жеңімпазы атанды. Ұстазды қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов, ардагер ұстаз Нүрия Жұмажанова, №7 мектеп-лицейдің директоры Күлпаш Мұқашева, «Жезқазған қалалық білім қызметкерлері кәсіптік одағының ұйымы» төрайымы Ләззат Күнеділова құттықтап, естелік сыйлық тарту етті. Сонымен қатар, лицей оқушылары ұстазға үш тілде өлең оқып берді.

Сексеннің сеңгіріне шыққан Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, ҚР оқу ісінің үздігі Қазира Жандәулетова қонақтарды асыға күтіп отыр екен. Ақ көңілдей ақ дастарханын жайып, құшақ жая қарсы алды. Ардагер ұстаз еңбек жолын 1957 жылы бастаған. Сол жылдан бері талай ұрпақты қазақ тілімен сусындатып, ана тіліміздің намысын ту етіп жүрген ұстаз №22 орта мектепте еңбек еткен. Қазира Жандәулетқызы – қалада алғаш қазақ тілді сынып ашуға себепкер болған жандардың бірі. Сонымен қатар, ұстаз «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің құрылуына атсалысқан. Қазақ тілінен бөлек тарих пәнінен де сабақ берген мұғалім 2002 жылы «Тарих пәнінің терминологиялық сөздіктері мен тест сұрақтары» атты 9,10,11-сыныптарға арналған оқу-әдістемелік құралын құрастырған.

9 наурызда 90 жасқа келген Галина Рыжкова №1 орта мектепте көп жылдар бойы математика пәнінен сабақ берген. ҚР оқу ісінің үздігі, тыл ардагері, еңбек ардагері Галина Петровнаны құттықтауға арнайы келген №1 орта мектепің директоры Әбдірахман Досанов ардагер ұстазға мықты денсаулық пен қажымас қайрат тіледі.

**Арайлым КҮНТУҒАНҚЫЗЫ**



# ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

**Жасы үлкендерді сыйлап, құрмет көрсету, төрін ұсыну – жазылмаған заңдылық. Атадан балаға мұра болып қалған осы қасиет бүгін де өзектілігін күшейтпесе жойған жоқ. «Nur Otan» партиясының «Ардагерлерді ардақтайық!» атты партиялық жобасы аясында жер-жерде қарияларға көрсетілетін зор құрмет – соның бір айғағы.**

Халықаралық әйелдер күні мерекесінде «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысов бастаған топ Ұлы Отан соғысының ардагері Нина Виноградованы қуантып қайтты.

Жылына бірнеше мәрте қарт майдангердің амандығын білуді дәстүрге айналдырған «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалының қызметкерлерін Нина Виноградова жақсы таниды, әрі асыға күтеді. Өзінің денсаулығы мен жағдайы жақсы екендігін жеткізген ардагер қонақтардың да хал-ахуалын сұрасты. Жұмыстарындағы жағымды жаңалықтарымен бөлісуді сұрады. Одан кейін көзіне жас ала отырып өзін құрмет тұтқандарға алғысын жаудырды.

– Тағдырдың тауқыметін көп көрдім. Әкем соғысқа кеткенде отбасымның жағдайы мәз болмады. Одан он сегіз жасымда өзім фронтқа алындым. Оқ пен оттың ортасында жауынгерлерді өлімнен арашалап қалуда қолдан келгенін жасадық. Соғыстан кейінгі жылдардың да өзіндік ауыртпалығы болды. Бірақ, қиындыққа мойымадық. Қазақстанға келіп, Жезқазғаннан бақыт таптық. Күні бүгінге дейін біздің еңбегімізді бағалап, ардақ тұтқан Сіздерге мың алғыс, – деген ардагерді филиал төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысов құттықтап, сый-таралғыларын ұсынды да:

– Әйел қырық шырақты дейді емес пе?! Нина Степановна, Сіздің жүріп өткен жолыңыз – жастарға үлгі. Әйел ана ғана емес,сонымен қатар, батыл жауынгер, еңбеккер екенін көрсеттіңіз. Денсаулығыңыз мықты болсын, – деген ақжарма тілектерін жеткізді.

**Бота ШАЛҚАР**

*Суреттерді түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

**Жезқазған қалалық полиция басқармасының жеке құрамы нәзік жанды әріптестерін Халықаралық әйелдер күнімен құттықтау мақсатында салтанатты шара ұйымдастырды. Айта кетерлігі, биыл тәртіп сақшылары кеш жүргізушісі, әнші және күйші рөлдерін өздері орындады.**




Алғаш болып жиналғандарды құттықтаған Жезқазған қалалық полиция басқармасының басшысы, полиция полковнигі Амангелді Құрманов әйелдер қауымының араласпаған саласы жоғын тілге тиек етті.

– Әйелдер – сүйікті жар, ардақты ана. Әр шаңырақтың ұйытқысы болып отырған Сіздердің елдің ертеңі жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудегі үлестеріңіз ұшан-теңіз. Сіздер өздеріңізге жүктелген ұрпақ тәрбиесі сынды осынау зор міндетпен қатар, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен қылмыспен күресуге де атсалысудасыздар. Қауіпті мамандықтың суығына төзіп, өз бастарыңызды бәйгеге тігу арқылы берген анттарыңызға адалсыздар. Сіздердің табандылықтарыңыз бен қайсарлықтарыңызға таң қала отырып, бас иеміз, – деген Амангелді Жұмабайұлы еңбегімен еленген бірқатар әйел қызметкерлерге Қарағанды облыстық полиция департаменті мен Жезқазған қалалық ПБ бастығының Алғыс хаттарын тапсырды.

Сонымен қатар, мерекелік жиында Қазақстан Республикасына қалтқысыз қызмет ететін тәртіп сақшысын тәрбиелеп, өсірген аналарға да құрмет көрсетілді. Бауыр еті баласына саналы тәрбие беріп, абыройлы полиция қызметкері болуына үлес қосқан Шұға Бекмағанбетованың, Жұмабике Естаеваның, Зәуре Омарова мен Жұмакүл Айтамбекованың кеудесіне «Полицей анасы» медалі тағылды.

Құттықтаулар легін жалғаған ардагерлер кеңесінің төрағасы, отставкадағы полиция полковнигі Ахат Жакеев пен отставкадағы милиция полковнигі Аманбек Мұқатаев ізін басқан қыз-келіншек қызметкерлерді мерекесімен құттықтап, қызығы мен шыжығы мол кәсіпті игергендерге ағалық кеңестерін аямады. Әр жылдары өздерімен иық тіресе еңбек еткен әріптес-қыздарды естеріне алды.

Жезқазған қалалық полиция басқармасының қызметкерлері, оның ішінде домбыраның сүйемелдеуіне «Ару ана» әнін орындаған Ғанибет Исатаев, «Ұнатамын мен сені» әнімен жүректі тебіреткен Ахмет Балғабай, «Қыздар-ай» атты әншашуын ала келген Әлжан Атымтаев көпшілікке мерекелік көңіл-күй сыйлады. Жиын соңында мереке иелеріне гүлшоқтары мен естелік сыйлықтар тапсырылды.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

**Аналар мен арулардың мерекесі қарсаңында Жезқазған мұнай басқармасы мен қалалық төтенше жағдайлар басқармасының мамандары құттықтаудың ерекше түрін ұйымдастырды.**



# ҚАУІПСІЗДІККЕ – БАСТЫ НАЗАР

Өз ісінің мамандары қаламыздағы 5-ауданға атбасын бұрып, ондағы көпбалалы аналардың және аз қамтылған отбасылардың үйіне барды. Бұндағы басты мақсат – жерүйде тұратын қорғансыз аналар мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Биылғы ақпан айында Астана қаласында орын алған қайғылы оқиға әлі де ұмытыла қоймады. Бес бүлдіршіннің өмірін жалмаған өрттің зардабы енді өзгеге тимесін деген ниетпен тілсіз жаудың алдын алу үшін жақсылық жасауға асыққан мамандар үйлерге өрт немесе улы газдың шыққанын хабарлайтын құрылғыны орнатып, өрт сөндіру құралын тарту етті. Сонымен қатар, өрт сөндірушілер құралдарды дұрыс қолдану ережелерін түсіндірді. Мерекеге арнайы келген қонақтар нәзік жандыларды да сыйлықсыз қалдырмады. Олар аналарға арнайы дайындаған сый-сияпаттарын тарту етті.

Деректерге сүйенсек, улы газбен уланудың себептері әртүрлі. Бірақ ең көп тарағаны – пеш қондырғыларын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталмауы. Пеш қондырғылары мен мұржалардың ақауы немесе пешті және газ аспаптарын қолдану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамау деректері де жоқ емес. Пеш жағу арқылы жылынатын үйлердің қауіпсіздігін әрдайым қадағалау керек. Пештің жанында тез тұтанатын қағаз, ағаштардың болмағаны жөн. Бұл үлкен қасіреттің бастауы болуы мүмкін. Осы және өзге де қауіпсіздік қағидаларын айтқан мамандарға үй иелері ризашылықтарын білдіріп, алғыс айтты.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**




# БІЗ БІЛЕТІН ӘЛИХАН

Біз білетін Әлихан қандай дейсіз? Оған әрине, бір ауыз сөзбен тақ еткізіп жауап қайтара алмайсыз. Ал, қайтарғыңыз келсе қазақтың қарапайым қара шалының нағыз азаматқа риза болғанда «Сегіз қырлы, бір сырлы екен», – деп түйіп айтатыны ойға оралады. Шынында да, азаматтың азаматтығы сан қырымен сараланып, көрер көзді сүйсіндіріп, «Жігіт-ақ екен!» дегенді тіл ұшына оралтады емес пе? Міне, біздің Әлихан да дәл осындай халқының көз алдында тұлғалы бойымен, толымды ойымен, жарқын таза жолымен есейіп өсіп, ер жеткен. Оның салмақты мінезі, ақ жарқын көңілін көргенде жақсыға жолыққаныңызға көзіңіздің анық жетері хақ. Қаннан біткен қасиет, тәрбиемен жетіліп, білімімен толысқан. Оны отбасының тәрбиесі адалдыққа, тазалыққа жетеледі. Бұл ретте Алланың ақ жолынан ауытқымаған әкесі Мұхамедия қожа бой тазалығы мен ой тазалығын тең ұстауды ұрпағына үлгі еткен. Сонау кеңестік кезеңнің өзінде де жайнамазын жайып, Аллаға құлшылық етіп, ел мен жердің амандығын тілеуден жаңылмаған әкенің өнегесі Әлиханның бойында берік қалыптасқан. Айтылған сөзде тұру, уәдені орындау дегенде Әлиханның өз ұстанымы өзгермейді. Әкесі айтқан «Уәде-құдай аты» дегенді ол санасына сандыққа салғандай сақтай алған. Уәдені бұзбау Аллаға адалдықтың бір белгісі дегенді бала жастан құлағына құйып, көңіл төріне қондырған. «Өзінің көзқарасы, өз ойы, өз пікірі бар адам – нағыз адам» дегенді бұрынғы ғұламалар бекер айтпаса керек. Өзінің көзқарасын өзгеге таңбай өмір жолын таңдай білетін азаматтың қалыптасу кезеңі кеңестік биліктің қылышынан қан тамып тұрған кезіне дәлме-дәл келсе де Әлихан өз дегенінен айнымай, алға қадам басты. Орта мектеп табалдырығын қарашаңырақ Қарсақбайда аттады. Қазақ өндірісінің қарашаңырағы атанған Қарсақбайдың мыс қорыту зауытының тұрбасынан көкке созылған қою-түтін жер мен аспан арасындағы уақыт безбенін білдіріп тұрғандай. Зауыттың әр сағат сайын соғылатын қоңырауының үні ер жүрек металлургтердің ерен еңбегін баршаға паш еткендей. Мектеп қоңырауының шылдырымен үзіліске шығып, зауыт тұрбасының сұлбасына қарап, ертеңге талпынған жеткіншектердің ойы мен қиялы да мыс балқытқан майталмандардай болсақ деген арманға жетелейтін.

Жалпы, қарсақбайлықтарда уақытты үнемдеу, барды бағалай білу металлургтерден бастау алатындай көрінетінінің себебі мынада сияқты. Зауыттағы еңбек тынысы сағатпен басталып, сағатпен ауысымға алмасып жататын. Қарсақбайдың өз басындағы ауыл шаруашылығында еңбек ететіндер көбіне-көп сағатпен санаспай жұмыс атқарып жатса, металлургтер, байытушылар керісінше, сағаттың қадырын, минуттың маңызын басқаларға қарағанда қатты құрмет тұтады. Мектеп ұстаздары да оқушыларға өндірістің өмірде алатын орны жайлы әр кез айтқанда уақыттың қымбаттығын ойға түйетін. Уақыт пен адам бір-бірімен байланысты дегенге мектеп қабырғасында жүргенде көз жеткізген біздің Әлиханның ғажап бір қыры уақытпен қоса қалыптасты. Ол қыры – уақытпен үндесе білу болатын. Бұл Әлиханның бір қыры деуге келердей. Сондықтан да болар ол «Уақытты бағалаған адам өзін құрметтей біледі» дегенді жиі айтады. Ойланған жанға ой салардай-ақ. Қайсы бір сәтте уақытты бағамдай алмай, ерте күнді кеш қылып, босқа өткізген кездерде оның осы бір сөзі ойға орала береді.

Әлиханның өз пікірі, өз ойы оның өмірлік қағидасына айналған. Әлдекімдердің көңіліне қарап-қисықты түзу деп, өтірікті шын деп қабылдай салу – оған жат. Өз пікірін өзгеге таңбайтың өжеттігі және бар. Осы ретте Әлиханның аты тұтас елге танылмай тұрған сонау бір шақта болған мына бір жайды айта кетудің орайы келіп тұр. Мәскеудегі аспирантураны бітіріп, Жезқазған қаласына келді. Ол – кеңестік жүйенің ақ дегені алғыс болып, түкірігі жерге тимей тұрған шақ. Мысты шаһарда облыстық кеңеске депутат сайлауы өтетін болып белгіленді. Облыс көлеміндегі «Осы мен қалаймын?» дегендердің халық қалаулысы болуға үміттенбегендері жоқ десе де болғандай. Аты дардай небір мекемені басқарып отырған ақ жағалылар сайлау алдындағы үгіт-насихат жұмыстарын бұрынғы үйренген дағдымен, сайлаушылардың алдында ағыл-тегіл уәде берумен бастап, «Маған дауыс беріңдермен» аяқтайтын әдісті алға тартып жатты. Сол жылдары Жезқазқған политехникалық институтында ұстаздық етіп жүрген Әлихан Мұхамедияұлы Байменов қаладағы Рыбачий сайлау округінен үміткер болып тіркелді. Әрине, жалындаған жас жігіттің сайлаушылар алдындағы өзін-өзі ұстауы, көзқарасы әлдебір жаңалықтың лебін аңғартқандай еді. Облыс басшылары бұл округтен облыстық газеттің бас редакторы бұрын да сайланған, бұл жолы да өтеді деп жоспарлаған сияқты. Сайлау комиссиясындағылар да аты дардай танымал тұлғаға, газеттің бас редакторына белгісіз бала Әлихан Байменов бәлендей қарсылас бола алмайды десе керек. Сайлаушылар алдындағы ашық кездесулер кезіндегі пікір-сайысы қызықты бола бастады. Сайлаушылар «Партияның үні болып саналатын облыстық газеттің бетінде еркін ой айтыла бермейді», – дегенді алға тартты. Жас үміткер Әлихан оқырмандарға өзінің алға қойған мақсаттарын, байыппен саралап, сарапқа салды. Басқаларға ұқсап қарсыласынан кемшілік іздемеді. Сыпайы сыйластықты тең ұстай отырып, таңдауды сайлаушылардың өздеріне қалдырды. Тың ойлар алға шақты. Сөйтіп, сайлау да өтті, қорытындысы да жарияланды. Сайлаушылардың басым көпшілігінің даусына ие болған Әлихан Байменов облыстық кеңестің депутаты болып сайланды. Отыз жасында оттай болып жайнаған Әлиханнан ел үлкен үміт күтті.

«Облыстық газеттің редакторынан озып кеткен бұл Әлихан деген кім?» - деп сұрап жатқандар қаншама?!. Облыстық кеңестің жаңа сайланған құрамы да Әлихан Байменовтың өз орталарына жаңа леп алып келгенін сезді. Кеңестің алғашқы отырысында көптің назары Әлиханда болды. Жаңаша ой, жаңаша көзқарас қалыптастыратын кез келгенін ол ашық айтты. Жас депутаттың аты енді сайлау округінен асып, мысты қаланың үлкен-кішісі мен жас-кәрісіне еркін танылды. Облыстық кеңестің депутаты Әлихан Байменов қоғамдық жұмыстарға белсене кірісті. Айтар ойы бар, депутат Әлиханға облыстық газет бетінен орын беру керек дегенді кешегі «қарсыласы», облыстық газеттің редакторы лездеменің үстінде тиісті бөлімге тапсырма ретінде берді. Оның қисыны да бар болатын. Алдағы айдың ішінде Ата заң -Конституцияның қабылданғаны аталып өтпек. Ал, Ата заң жайлы жас депутат айтпағанда кім айтады? Қалам ұстағандар қуана қоштады. Кешікпей Әлиханға қоңырау шалынды. Келісілді. Енді мақаланың қолға тиюі ғана қалған. Газеттегі қаламдастардың әрқайсысы өзіне тиесілі тапсырмаларын орындағанын мәлім етті. Тек, Әлиханның мақаласы жоқ. Редактор бөлім бастығына:

– Оның не қиындығы бар. Өздерің дайындаңдар. Бұрындары да солай жасап келдіңдер. Бүгін ғана жасап жүрген жұмыс емес. Әлихан жазғанда бір жаңалық жасай қояр дейсіңдер ме? «Жасасын Конституция!» дегенді ол да айтады. Осыны жазып, дайындап, шақырып алып оқытып, қол қойдырып әкеліңдер, – деді.

Бөлім бастығы, басқалары да:

– Е, бәсе, өзі де солай жасау керек. Рұқсат етсеңіз болды, – деп елпілдеп Әлиханның атынан мақала жазуға құлшына кірісті.

Бұрыннан қалыптасып қалған қалыппен әп сәтте «Конституциям менің», – деп қол қойылған мөп-мөлдір мақала дайын болды. Іле авторға қоңырау шалынды. Жұмыстың қауырттығы, газеттің басылымға кететіндігі тәптіштеп айтылып, «Тез келіп, қол қойып кетсеңіз» деген өтініш жасалды. Мәселенің мәнісін түсінген Әлекең кешікпей-ақ жетті. Ақжарқын қалпында жарқылдай амандасып, жағдай сұрасып, қаламгерлермен мәре-сәре болды. Мақала қолына тиді. Не айтар екен дегендей оған қарап тұрғандар демдерін іштеріне тартып, тым-тырыс. Әлден уақытта ол оқып шықты. Мақаланы қолына ұстай тұрып қаламгерлерді де бір-бір шолып өтіп:

– Мен бұл мақалаға келіспеймін, – деді.

– Неге?

– Не үшін?

– Несі ұнамайды?

– Енді не істейміз?, – деген сауалдар жамырап кетті. Бәрінің де ойы «газет кешігетін болды-ау» дегенге сайғандай. Олардың ойын көзқарастарынан ұға қойған Әлихан:

– Маған сәл уақыт беріңдер. Қазір жазып беремін, – деді де, қаламсабын қолына алып, жаза бастады. Маржандай тізілген әріптер – бір қалыптан шыққандай, жіпке тартқандай жып-жинақы. Бастағаны сол бір деммен лезде жазып шықты.

– Міне, менің мақалам, – деп ол жазғандарын ұсынды. Бас тақырыптың өзі айғайлап тұр. Онда алдындағы біздің айтқанымыздай «Менің конституциям!» емес, керісінше «Бізге жаңа конституция керек» деген тақырып тұр. Әрі қарай оқығанда кеңестік конституция адам құқықтарын қорғауға емес, қайта таптауға негізделген дегенге екпін түсіріліп, конституция бостандық пен еркіндікке негізделуі керектігін қадап-қадап, нақпа-нақ атап өтіпті. Оқып шыққан жанның тынысы тарылып, танауы қусырылып, жүрек қағысы тоқтап қалатындай.

– Оу, Әлеке, бұл қалай?

– Бұл – менің көзқарасым.

– Әлеке, газет партияның үні ғой

– Мен халықтың өкілімін. Өз сөзіме жауап бере аламын, – дейді Әлихан. Редактордың да жаны мұрнының ұшына келгендей. Екі шекесі қызарып кеткен.

– Әлихан Мұхамедияұлы, түсініңізші, мен партияның солдатымын.

– Түсінемін.Білемін.

– Білсеңіз бұл қалай?

– Бұл менің өзімнің жеке көз қарасым. Көзқарасымды біреулердің көңілі үшін өзгерте алмаймын. Ал, баспаймын десеңіз, оны ашық айтыңыз. Оқырман ретінде, азамат ретінде, халық қалаулысы ретінде де құқығымды қорғауға тиіспін.

– Жарайды. Талабың биік, ойың жарқын жігіт екенсің. Елдің сөзін сөйлейтін бір азаматпен кездескеніме қуаныштымын. Өзіңіздей қазақ жастары көп болса екен. Қуанышым сол – өз ойынан өзгермейтін азаматтың барлығы. Мен осы уақытқа дейін жарты ғасырдан астам қалам ұстаған жолымда дайын тұрған мақаладан бас тартып, өз ойын ортаға салған азаматты бірінші көруім. Басамыз. Жолың даңғыл болсын, – деп редактор Әлиханның қолын алды.

Бұл 1990 жылдың бел ортасы болатын. «Жыланды үш кессе де кесірткедей әлі бар» дегендей, партияның әлі де айтқанын істететін кезі. Айтқандай-ақ аталған мақала жарық көргенінің ертеңіне Жезқазған облыстық партия комитеті редакторды «тәртіпке» салып алды. Қалың оқырман халық депутаттары Жезқазған облысы кеңесінің депутаты Әлихан Байменовтың бұл мақаласын қолдан-қолға тигізбей оқыды. Көзі ашық зиялы қауым елең етті. Жастар соған қарап бой түзей бастады. Сайлаушылар көп уәде беріп, алдап кететін депутаттың орнына бір сөзді, сенімді өкілді сайлап алғандарына қуанды. Жас жігіттің аты елге кең тарады. Әр түрлі мәселе бойынша Әлиханды іздеп барып, одан ақыл алып, оған мұңын шағатындар көбейді. Халық депутаттары облыстық кеңесінің депутаты қоғамдық жұмыстардың белсенділігін арттыруға да ат салысты. Іскер, білімді, шешімді де шешен жігітті Жезқазған облысы әкімшілігінің басшылығы қызметке шақырды. Көп ұзамай облыс басшысының орынбасары қызметіне кірісті. Жаңа қызмет, жаңа міндеттер жүктеді. Жариялылық пен еркіндік, сөз бостандығы мен ашықтық үшін жаңа тәуелсіз басылым қажет екенін Жезқазған жерінде Әлихан Байменов биік мінбеден бірінші болып айтты. Ең бастысы Әлихан басқа әріптестері сияқты мінбеде тұрып көсіле сөйлеп, одан түскеннен кейін онысын ұмытып кететіндер қатарынан емес екен. Айтылған сөз орындалуымен құнды дейтін Әлихан сөзінде тұрды. Жезқазған қаласында алғаш рет облыстық тәуелсіз «АСУ» газеті жарық көрді. Алғашқыда «Бұл неден асу, не асу?» – деп бірінен-бірі сұрағандар басылымды оқи келе, «Адам. Сана. Уақыт» деген тап-түйнақтай тұжырымның тұнығына қанықты. Уақыт пен сана адамның бар болмысына салмағын салып тұрғандай. Оқырмандар жаңа басылымға ашық ойларын жазып жатты. Бұл әрине, билік басындағыларға ұнай қойған жоқ. Бірақ облыс басшысының орынбасары Әлихан Байменов нағыз шындық бүркемелеусіз айтылады дегенді басшылыққа алды. Оқырмандардың ойы қызметтік шараларға негіз болды. Кемшіліктердің қайдан, неден шығатыны сарапталды. Осының бәрі айналып келгенде Әлихан Мұхамедияұлының сан қырын сомдай түсті. Бір қырынан бір қыры асып жарқырай көрінді. Халық Әлихан айтса анығын айтады» дегенді көңілдеріне қондырды.

Аз ғана жылдардың ішінде Әлихан Мұхамедияұлының аты алты Алашқа таныла бастады. Тәуелсіз Қазақстанның көк туы көтерілгенде төбесі көкке тигендей қуанған Әлихан билік баспалдақтарымен жоғарылай берді. «Жақсы адам түзу жүрісімен пұл болады» дегендей, қай жерде, қай қызметте болса да халықтың ортасынан қол үзбеген жігіттің жанашыры көбейді. Оның тілегін тілеп, ел үшін ерінбей еңбек ететін азаматымыз бар деп қуанғандар қаншама?! Тәуелсіз мемлекеттің бойын тіктеп, туын көкке еркін көтеруіне хал-қадірінше үлес қосуды азаматтық басты борышы санаған Әлихан еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бастаған жақсы-жайсаңдардың ортасынан көрінді. Республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Әлихан Байменовке үлкен сенім білдірді. Республиканың басқару тізгінін қолына алғандардың қатарына қосылды. Атап айтқанда, 1995-1996 жылдары Еңбек министрінің орынбасары, бірінші орынбасары,1996-1997 жылдары Президент әкімшілігі басшының орынбасары, 1997-1998 жылдары Премьер-министр кеңсесінің басшысы қызметтерін атқарды. Қызметтің қыр-сырын толық меңгеріп, ел жұмысына жан сала кіріскен жылдарының бірі Президент әкімшілігінің басшысы болғаны кездері дер едік. Ол 1998-1999 жылдардың арасы болатын. Сол жылдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігін құру бастамасын көтеріп, 1999 жылы оның тұңғыш төрағасы болды. Әсілі, азаматтың атқарған қызметі, оның абыройын көтеріп, беделін байсалдандырады десек, Әлиханның жүрген жолы жақсылықтарға жалғасып жатты. Қай қызметте болса да Әлихан Мұхамедияұлының жаңашылдығы, жанашырлығы, халқына жақындығы жарқырай көрінеді. Бұл бір күнде қалыптасқан қасиет емес. Ол халықтың өз ортасына шыққан, еңбекпен шыныққан, адалдықтың уызына қаныққан жанның бейнесін танытады.

Әлихан Мұхамедияұлы мемлекеттік қызмет істері агенттігінде 1999-2000 жылдары төраға болып тер төкті. Осы жылдарда мемлекеттік қызметтің нағыз мәнін айқындаушы заңы қабылданды. Бүгінде Заң қабылданды деп оп-оңай айтқанымызбен, оны дайындап, сараптап, баптап, таразыға тарту, айту тұрмақ ойлауға да оңай емес. Тәуелсіздігін енді алып, басқару жүйесі жаңадан құрылып жатқан Қазақстан үшін мемлекеттік маңызы бар осы құжатты көз майын тауысып, көп ойларын тамызып, тер төккен Әлихан бүгінде мемлекеттік қызметтің мәртебесі өсті деп шаттануына хақы бар.

Кеңестер одағы тарап, оның орнына Тәуелсіз мемлекеттер достастығы мәмлеге келіп, жеке-жеке елдің ортақ тұжырымын жасауға келісті. Бұл құжаттың қабылдануында да Әлиханның қолтаңбасы көрінеді. Әлихан Байменов 2000-2001 жылдары Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі болып қызмет атқарды. Сол кезеңде ол ТМД елдері арасында тұңғыш рет әлеуметтік қорғаудың үш деңгейлі моделінің тұжырымдамасын өмірге әкелді. Сол жылдары әлеуметтік сақтандырудың әдемі үлгісі жасалды.

Кешегі көшпелі қазақтың ғажап ойындарының бірі тоғызқұмалақ болатын. Тәуелсіз ел – Қазақстан сол бабалар ойынын дамытудың жолын қарады. Бұл ретте тоғызқұмалақ федерациясын құрудың маңыздылығы еске алынды. Оның тұңғыш президенті болып өзге емес, осы біздің Әлихан сайланды. Осыдан кейін барып Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясы құрылды. Үш мәрте тоғызқұмалақтан Әлем чемпионаты өтті. Соңғы он жылда Европа, Азия және Америка елдері кіретін жиырмаға жуық мемлекетте халықаралық семинарлар мен жарыстар өткізілді.

Ол мазасыз, қауырт, жауапкершілігі жоғары мемлекеттік қызметте жүрген сәтінде болсын, сан салалы қоғамдық жұмыстың бел ортасында жүрген кезінде болсын, қай уақытта да туған жерінен тамырын үзген емес. Елде болып жатқан өзгеріс, жаңалықтардан әрдайым құлағдар болып, әр бастамаға қолынан келгенінше қолдау жасап, көмектесуден жалыққан емес. Тығырыққа тіреліп, қысылған жанға жәрдемдесуді азаматтық борышы санайды. Әлекеңнің шапағатын көрген көптің қатарында осы жолдардың авторының бірі де бар. Өткен жылы қатты сырқаттанып қалған сәтте ең бірінші көмек қолын созып, Астанада білікті дәрігерлерден ем алып, қайтадан қатарға қосылуына себепкер болған да – осы азамат.

Сегіз қырлы бір сырлы жанның қай қырына қарасаң да оны жаңа көргендей ойда қаласың. 2001 жылы қоғамдық-саяси алаңда айтулы өзгерістер болып, саясат сахнасына жас саясаткерлерден құрылған жаңа топ шыққанда, оның ортасында да маңдайы жарқырап Әлихан Байменов жүрді. Ел «жас түркілер» атаған ол топ қысқа мерзім ішінде өздерінің сауатты ұсыныстарымен жүйені демократияландыруға, азаматтық қоғамды дамытуға елеулі айтарлықтай үлес қосты.

Қос палаталы Қазақстан Парламентінде өзінің өкілін сайлаған бүгінгі «Ақжол» партиясының бастауында да Әлихан Мұхамедияұлы тұрғанын сайлаушылар әлі ұмытқан жоқ. Бүгінде «Ақжол» Парламентте фракциясы бар, билік алаңында сөзі өтімді ірі саяси партиялардың біріне айналды.

Әрине, қарашаңырақ Қарсақбайда туып, ұлт ұясы Ұлытаудың Тасбұлағының тұнығынан қанып ішкен Әлихан Мұхамедияұлының бүгінгі қызметі де Тәуелсіз Қазақстанның түтіні түзу шығуына бағытталған. Ол бүгінде – БҰҰ жүйесіне кіретін Мемлекеттік қызмет саласындағы Астана өңірлік хабы басқару комитетінің төрағасы. Бұл дегеніміз – мемлекеттік қызмет саласында үздіксіз тәжірибе мен білім алмасудың институтционалды негізі ретінде 25 ел мен бес халықаралық ұйымның қатысуымен құрылған хаб. Қазіргі танда әлемдегі қырық ел осы хабқа қосылған. Міне, бұның салмағы да қайда жатқанын және оның қаншалықты маңызды екенін саралай беріңіз. «Жүктің ауырын нар көтереді» десек, Әлиханның арқалағанын да жеңіл деп ешкім айта алмас.

Бұрынғы көнекөз қариялардан «Ерге лайық ат туар» дегенді жиі еститінбіз. Байқасақ елге қызмет ететін, ердің де өзін көтеретін тұлпары болады екен. Нағыз ерді аттың бәрі бірдей көтере алмайды. Ердің өзіне лайық тұлпары болады дегендей, батырдың батырлығына сай бабын білетін, сырын ұғатын, сұңғыла дүлділі өзімен бірге туады деген ұғымды бабалар бізге қалдырыпты. Осылай десек, біз білетін Әлиханның да өз тұлпары, өзіне лайық аты бар. Ол – талша мойным қылша деп халқына еткен қызметі, төккен тері деп білеміз. «Халыққа қызмет – әр азаматқа міндет» дегенді, Әлихан өзінің алдына бағдаршамдай ұстаған. Осы ұстаған бағдаршамы оны адастырмай алпыс жастың ауылына алып келді. «Алпыс деген – тал түс» деп айтқандардың сөзін ақыл дейік. Осылай десек, тал түстен кейін де керемет істер тындыратын қазаққа алпыстың шаңқай түсінің шуағы шырайлы болсын дейміз.

**Сара СМАҒҰЛ,**
**Қазақстан Журналистері «Жүректен жүрекке» Ұлттық байқауының жеңімпазы,**
**Батырбек МЫРЗАБЕКОВ,**
**Қазақстанның Құрметті журналисі**

### *Қазақтың жігітінің Ұлытауы*

***Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ***

*Туғалы отқа түсіп, өртке де еніп,*
*Өмірдің өлмес күйін шерткен едік.*
*...Сен біздің үкілеген үмітіміз –*
*Сен біздің сеніміміз сертке берік.*

*Көктемге ғашық кезден көңіл-елік,*
*Кей-кейде ақын болып тебіреніп...*
*Керегін әр заманға бір Әлихан –*
*Ұққанбыз, айналайын, сені көріп.*

*Ғұмырда кім ұтылып, кім ұтады,*
*Тірліктің аймаласа нұры, таңы.*
*...Баршаны басатұғын бауырына –*
*Қазақтың жігітінің Ұлытауы!*

*Көкке ыршып көрген сайын көңіл-дөнен,*
*Иә, солай, Әлихан дос, өмір деген.*
*...Адалдық, адамдықтың айдынында*
*Келеді желкен керіп сенің кемең.*

*Бата алған байтағынан байрақты өрен,*
*Мен сені қайрат көрем, айбат көрем.*
*...Ақбозың аламанға кірген сайын*
*Өлеңнен алтын таға байлап берем.*

*Тартқанда керуенің күнге көшін,*
*Алдыңнан арай сүйіп, нұр демесін!*
*Ұлтының ұяты боп ұялаған –*
*Жұртының жүрегінде жүрген есім...*

## ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ФОРМАТТАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

## *жемқорлықты жоюға бағытталады*

**Елбасы Н. Назарбаев өзінің «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халыққа Жолдауында: «Жалпы, 2019 жылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 80 пайызы, ал 2020 жылы кемінде 90 пайызы электронды форматқа көшірілуге тиіс», – деп, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электронды нұсқаға көшіру қажеттілігіне ерекше назар аударған болатын.**

Ендеше Жолдаудағы межеге жету үшін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жаппай электронды нұсқаға көшіру қажет. Бұл жай айтыла салған сөз емес, бұның артында қарапайым қызмет алушыларға түсініксіз күрделі жұмыс процесі тұр.

Мысалы, аймағымыздың жергілікті атқарушы органдары 2016 жылы 5 159 648 мемлекеттік қызмет көрсетсе, оның 3 567 925 немесе 69 пайызы, 2017 жылы 5 727 504 мемлекеттік қызмет көрсетсе, оның 3 594 578 немесе 74 пайызы, 2018 жылы 7 537 378 мемлекеттік қызмет көрсетсе, оның 5 867 919 немесе 78 пайызы электронды нұсқада көрсетілген немесе облыстың тұрғындары яғни қызмет алушылары электронды нұсқада қызмет алған.

Бұл орайда, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті (бұдан әрі - Департамент) ұйытқы болып, «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қарағанды облысы бойынша филиалының қолдауымен облыстағы жергілікті атқарушы органдар тарапынан жүргізілген біршама қарқынды жұмыстардың нәтижесінде 2016 жылмен салыстырғанда, соңғы үш жылда электронды нұсқада берілген мемлекеттік қызметтердің үлесі 69 пайыздан 78 пайызға, яғни 9 пайызға артып отыр. Әрине, бұл – көңілге қонымды нәтиже. Алайда, аймақ тұрғындарының бір бөлігі әлі де мемлекеттік қызметтерді қағаз түрінде немесе Халыққа қызмет көрсету орталықтарына барып алу әдетінен айырылар емес.

Департамент соңғы үш жылда аймақ тұрғындарын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электронды нұсқада алуға бағытталған үгіт-насихат, үйрету, оқыту және тағысын тағы іс-шаралар ұйымдастырды. Әлі де болса, сол шаралар тұрақты түрде өз жалғасын тауып келеді.

Анықтама үшін: биылғы жылдың 7 ақпанында облыс орталығындағы «Достық үйінде» белсенді ұзақ өмір сүруге бағытталған республикадағы алғашқы орталық ашылды. Жаңа орталықта мәдени-рухани клубтар, қазақ, ағылшын тілдерін оқыту сабақтары, кітапхана, компьютерлік сыныптар жұмыс істейді. Зейнеткерлердің




денсаулығын нығайту мақсатында фитнес залы да бар. Мұнда қазыналы қариялар кез келген уақытта бас қосып, уақыттарын тиімді өткізе алады.

Департаменттің тікелей ұйымдастыруымен әрі «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қарағанды облысы бойынша филиалының қолдауымен соңғысының қызметкерлері тарапынан 26.02.2018ж. бастап бір айдың көлемінде, аптасына екі мәрте (сейсенбі, бейсенбі күндері) аймақтағы зейнеткерлерді мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электрондық форматта «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы алуға үйретуде.

Осылайша, еңбегінің зейнетін көріп отырған зейнеткерлер қоғамда болып жатқан өзгерістер мен жаңа бастамалардан құр қалмай, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының дамуына да өз үлестерін қосуда. Дей тұрғанмен, жасы елуді еңсерген кей азаматтар үйінде интернеті, компьютері бола тұра, өзі «электрондық үкімет» порталы арқылы қызмет алудың жолын білсе де Халыққа қызмет көрсету орталығынан немесе мемлекеттік мекемеден алынған қағаз анықтаманың заңдық күші жоғары деп санайды.

Егер де, мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта яғни үйде, жұмыста отырып «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы алатын болсақ, алтын уақытымызбен қоса қаражатымызды да үнемдер едік. Ал, ең бастысы, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін түбегейлі жоймаса да, жоюға бағытталған бір қадам болар еді.

**Жандос СӘРСЕНОВ,**
**Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы, әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы**

ӨРКЕНДЕУ ӨЗЕГІ

**Биыл іске қосылғанына 25 жыл толатын «КАЗКАТ»» зауыты мыс ширатпасын шығаратын Қазақстандағы бірден бір өндіріс болып саналады. Біздің елде жалғыз болғанымен, мұндай технологиямен жабдықталған өндіріс әлем елдерінде баршылық. Дүние жүзінде бүгінде осындай 120 кәсіпорын болса, Ресейдің өзінде 5 зауыт жұмыс істеп тұрған көрінеді. Нарық талабы белгілі. Бір текті тауар өндіретін бәсекелестер көбейген сайын өнім өткізуде өзіндік қиындықтар туындайды. Ал, бұдан ширек ғасыр бұрынғы жағдай мүлдем басқаша болатын. Жезқазған қаласының 65 жылдығы қарсаңында мыс ширатпасын шығаратын жаңа заман зауытының өткен тарихы мен қазіргі ахуалы туралы арнайы әңгіме қозғағанды жөн көрдік.**

# ЖАҢА ЗАМАН ЗАУЫТЫ

## өнім өткізуде тығырыққа тірелуде

Жаңа зауыттың ашылуы кезінде ел өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі болғаны есімізде. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1994 жылдың 3 қарашасында Жезқазғанға келген сапарында «Казкат» бірлескен кәсіпорнының ашылуына қатысып, оның лентасын салтанатпен қиған еді. Сол жолы жаңа өндіріс орнының ішин аралап көрген Президент құрметті қонақтарға арналған кітапқа: «Еңбектеріңіз еліміздің бақытына әр уақытта табысты болын!» деген ізгі тілегін жазып қалдырды. Кәсіпорын еңбеккерлерінің мерейін көтеретін осы бір ауыз сөз бүгінде бойтұмардай қастерленіп, көрнекі жердегі арнайы тақтаға ілініп қойылған. Содан бергі ширек ғасыр ішинде бірлескен кәсіпорын қанатын қатайтып, ел зкономикасына лайықты үлесін қосып келеді. «КАЗКАТ» қазірде «Қазақмыс-Смэлтинг» ЖШС құрамындағы мыс ширатпасын өндіретін қуатты зауытқа айналды.

Бұл өндіріс орнының ашылуы өнебойы шикізаттың шылауында қала бермей, дайын өнім өндіруге деген талпыныстан туғаны белгілі. Алдағы кезеңде керегесі кеңейіп, эмаль сымдарын шығару қолға алынады деген жақсы жоба да болған еді. Бұл жөнінде Елбасы сол сапарында атап айтып, іргетасына капсула қойып кеткен болатын. Алайда, уақыт деген әмірші, дағдарыс дүрмегімен ілесе келген экономикалық қиын ахуал ол жобаның іске асуын қуаттай қоймағандықтан бұл сөз бүгінде ұмыт болып барады. Зауыттың жобалық қуаты жылына 50 мың тонна өнім шығаруға арналғанымен, тұтынушылардан сұраныс болған жылдары жоғары еңбек өнімділігін қамтамасыз ете білген ұжым мүшелері 60 мың тоннаға дейін мыс ширатпасын шығарған кездері болды. Мұнда негізінен жуандығы 8 миллиметр, 16 және 18 миллиметрлік мыс шыбықтарының орамдары шығарылады. Зауыт қазіргі заманға сай озық үлгідегі жабдықтармен жарақтандырылған. Кезінде оның құрылысын Түркияның «Энтес» фирмасы жүргізсе, фин мамандарының атсалысуымен жабдықтары Американың «Саутваер» компаниясы арқылы орнатылған болатын. Зауыттағы жұмыс толықтай автоматтандырылған. Өнімнің сапасы, химиялық құрамы, бәрі арнайы зертханада анықталып, мыс ширатпалары сапа жағынан барлық өлшемдер бойынша техникалық сынақтан өткізіліп отырады. Құю ваннасы арқылы тиісті қалыпқа құйылған ширатпалар секундына 8 метр жылдамдықпен тізбектеліп шығып жатады. Құйылу үдерістерінің барлығын компьютер мониторынан бақылап отыру қамтамасыз етілген. Бір сөзбен айтқанда, жаңа заманның озық технологиясымен жабдықталған зауыттың ел экономикасына қосар үлесінің мүмкіндігі зор. Алайда, қазіргі таңдағы жағдай аса желпінтіп айтуға келмейді. Өкінішке орай, кейінгі жылдары мыс ширатпасына деген сұраныстың күрт төмендеп кетуінің салдарынан кәсіпорын өзінің жобалық қуатынан үш есеге дейін төменгі жағдайда жұмыс істеуде. Бүгінгі қалыптасқан ахуалды «КАЗКАТ» зауытының директоры Қуаныш Бекбаев бізге былайша түсіндірді.

– Біздің зауыт іске қосылған кезде дүние жүзінде осындай 22-23 өндіріс орны ғана болатын. Ол кезде Қытайда мұндай зауыт жоқ еді. Біздің технологиямызға қызығып көріп жүретін. Олардың сұранысын өтеу үшін біз жобалық қуатымыздан да асырып, жылына 60 мың тоннаға дейін мыс ширатпасын шығарған



кезіміз болған. Айына 5 мың тоннадан ширатпа алатын. Ширек ғасыр ішинде көп жағдай өзгерді. Қытай компаниялары осы жылдар ішинде өздері мыс ширатпасын шығаратын оншақты зауыт салып, іске қосып қойды. Соған қарамастан олар әлі де біздің өнімді алғысы келеді. Бірақ, өте арзанға. Оның үстіне біздің тауарымыздың тоннасына 10 пайыздық кедендік баж салығын салып қойды. Бұдан еш пайда көре алмағандықтан амалсыз өнім өткізе алмаймыз. Ал, олардың өнімдері біздің елге ешқандай алымсыз ағылып келіп жатыр. Бұған тиісті тәртіп белгілеп, тосқауыл қою жөнінде біз министрліктің өнеркәсіп комитетіне хат жаздық. Үкімет тарапынан көңіл бөліне ме деп үміттенеміз, – деп әңгімесін бір қайырды Қуаныш Рахымбекұлы.

– Сары мысымызды сапырып толассыз алып жатқан алпауыт ел «өз қуырдағымызды өзімізге қуырып» беріп жатыр десеңізші. Сонда ширатпаларыңызды қайда өткізіп отырсыздар?

– Негізінен Қазақстанның өз ішиндегі тұтынушылар ғана алып отыр. Қазір жылына 10 мың тоннадай өнім шығарғандықтан біздің мыс ширатпамыздың өзіндік құны өте жоғары. Соған орай бағасы да қымбат. Ал, жылына 50 мың тоннадан аса өнім өндірсек, өзіндік құны 100 доллар шамасында ғана болар еді. Металдар биржасында сапалық деңгейі 99,99% деп бағаланған Жезқазған мысынан құйып шығаратын біздің өнімнің сапасына ешкім сын айта алмайды. Американдық технологиямыз да жақсы. Өздерінде өндірілсе де Ресей кейде қызығып алатыны бар. Тек бағамыздың жоғары болуына байланысты көп ала алмайды. Отандық өнімді қолдау мақсатында Павлодар, Семей, Шымкент кабель зауыттары керегінше алады. «Қазақмыстың» өз ішинде Балқаштағы эмаль сымдарын шығаратын цех бар. Егер осы цех өзі толық қуатында жұмыс істесе 16 мың тоннадай ширатпа алар еді. Қазір олар жылына мың тонна алумен шектеліп отыр. Бүгінде электр жүйесіндегі кабельдер мен сымдардың барлығы мыстан жасалатыны белгілі. Алайда, нарықтағы осы өнімдердің басым бөлігі Қытайдан, одан кейін Түркиядан, шағын мөлшерде Ресейден келіп жатыр. Осыдан барып өз өндірісіміз тұншығып, қанатын жая алмай отыр, – дейді зауыт директоры.

«КАЗКАТ» кәсіпорны ашылғанда штат кестесінде 147 адам болған еді. Осыдан екі-үш жыл бұрынғы жалпы корпорация бойынша оңтайландырудан



соң 95 адам істеп жатыр. Кезінде мыс ширатпасын шығарудың қыр-сыры мен технологиясын Америкаға барып, енді бір тобы Өзбекстанның Алмалық зауытынан үйреніп келген білікті мамандар қатардан шыққан жоқ. Олардың алды зейнет жасына жақындағанмен кейінгі буындарды үйретіп, тәлімгерлік дәстүрін жалғастыра түсуде. Мәселен, мыс құюшы Сейтқазы Тоқболатов, мыс балқытушылар Мұрат Маударбеков, Үсен Әбікеев, зертхана меңгерушісі Раушан Сәрсенова, дайын өнімдерді есепке алу жөніндегі инженер Светлана Ковалева, аға шебер Көрпеш Хамитов – осы өндіріспен бірге есейген өз ісінің кәнігі мамандары. Зауыт директоры Қуаныш Бекбаевтың өзі де кәсіпорынның алғашқы қазығы қағылған кезден бері еңбек етіп келе жатқандардың бірі. Өндіріс шебері, цех бастығы, бас инженер жолдарынан өткен ол 2011 жылдан бері басшылық тізгінін қолға алған өндірістің өз адамы. Тәжірибелері толысқан іргелі ұжым нарықта сұраныс туындар болса, сол сәтте-ақ қажетті мыс ширатпасы көлемін арттыруға сақадай сай отыр.

Қорытып айтар болсақ, Қазақстандағы ширатпа шығаратын жалғыз зауыттың толық қуатында жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселесі экономикалық шараларды жоғарыдан реттеуге келіп тірелуде. Сырттан келетін өнімдерге шектеу қою керектігі көрініп тұр. Сондықтан, бұл мәселеге үкіметтік деңгейдегі тиісті органдар көңіл бөліп, өз өнімдерімізді қорғаудың жолдарын жан-жақты қарастырса өте орынды болар еді.

**Амандық РАХҰЛЫ**

*Суреттерде:* ***зауыт директоры Қ. Бекбаев, «Казкаттың» дайын өнімдері***

## Жезқазған шаһарының жылнамасы

### 1966 жыл

• Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің 28 қаңтардағы №29 шешімімен Жезқазған қаласында жол бақылау бөлімі ашылды.

• Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің 27 сәуірдегі №191 шешімімен Жезқазған қаласында Некрасов көшесі (қазіргі С.Сейфуллин көшесі) №63 үйде балаларға арналған сүт асханасы ашылды.

• Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің 27 сәуірдегі №192 шешімімен «Жезқазған қаласының құрметті азаматы» атағын беру жөніндегі ереже бекітілді.

• КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 14 мамырдағы Жарлығымен мыс кенін өндіру мен өңдеудегі, жаңа техниканы енгізудегі үздік табыстары үшін Жезқазған кен-металлургия комбинаты жоғары дәрежелі Үкімет марапаты – Ленин орденімен марапатталды.

• 20 мамырда Қ.Сәтбаев атындағы Жезқазған кен-металлургия комбинатының 184 жұмыскері мен инженері Кеңес Одағының ордендері және медальдарымен марапатталды.

• 13 тамызда түсті металлургия базасын дамытқаны және оның құрылысына зор үлесі қосқаны, Үлкен Жезқазғанның күрделі құрылысын ойдағыдай орындағаны үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен «Қазмысқұрылыс» тресінің ұжымы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды.

• Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің 7 қыркүйектегі №387 шешімімен Жезқазған қаласында қалалық коммуналды шаруашылыққа қарасты «Өсімдіктерді сақтау отряды» құрылды.

• Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің 7 желтоқсандағы №576 шешімімен ет комбинатынан солтүстік-батысқа қарай ауданы 55 га құрайтын жер «Газ тарату станциясын» тұрғызуға берілді.

• Жылумен-сумен жабдықтау кәсіпорнында тазалау қондырғысының блогы іске қосылды.

• Жезқазған қаласын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында игерілген жерасты су көзі «Үйтас-Айдос» қондырғы кешенінің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

• Комбинат директоры В.В. Гурбаға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

• Жезқазған қаласында шаруашылық, ауыз су және қалдық су ағындыларын тазарту құрылғылары іске қосылды.

• №24 «Арман» балабақшасы ашылды.

• ҚазССР Ғылым академиясының Ботаника институты Жезқазғандағы бөлімшесі Жезқазған ботаника бағы болып қайта құрылды.

• Жезқазған педагогикалық училищесі құрылды (қазіргі Жезқазған гуманитарлық колледжі). Училищенің алғашқы директоры болып А.Сапақов тағайындалды.

• Дайын өнім шығару мақсатында Жезқазғанда мыс қорыту зауытының құрылысы басталды.

### 1967 жыл

• 29 шілдеде №57 шахта пайдалануға берілді.

• «Металлург» стадионында қайта жөндеу жұмыстары жүргізілді.

• №15 бастауыш аралас орта мектеп сегізжылдық мектеп болып құрылды.

• Кеңгір су қоймасының қайта жөндеу шаралары аяқталды.

• Жезқазған мыс зауытында бір қалыпта құю цехы ашылды.

• Жезқазған қаласында жерасты құрал-жабдықтарын жөндейтін депо ашылды.

**Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві деректері негізінде әзірленді**

ӘРІПТЕС ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ

# СӨЗІНЕН ҚУАТ, ЖҮЗІНЕН ШУАҚ КЕТПЕГЕН

**Қаламгер Итен Қарымсақұлының «Жақсының жарығы» атты жаңа туындысы қолыма тигенде көңілім көтеріліп қалды, өткен жылдар ойыма оралды. Өйткені, мен белгілі журналист-жазушы Итен Қарымсақұлы досымды сонау студент шақтан ҚазМУ-де журналист мамандығының жалынан ұстап, үзеңгісіне аяқ салған кезінен жақсы білемін. Ол кезде журналистика бөлімі филология факультетінің ішинде. Курстаспыз. Қатар оқыдық. Содан бері, міне, қаншама уақыт зымырап өте шықты. Журналистика әлемінде бірге тер төктік.**

***Еңсегей бойлы ер досым***

Мен Торғай облыстық телерадиокомитетінде редактор болып жүргенімде, Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газетінде әдеби қызметкер болып жүрген еңсегей бойлы ер досым Торғай облыстық «Торғай таңы» газетіне қызмет ауыстырып келді. Тарихы тым әріде жатқанмен, «ұлт ұясы» атанған Торғай облысының жаңадан ашылған кезі еді ол. Жайдары да жұмсақ мінезімен бұл ортаға тез сіңісіп кетті.

Осылай тарихи киелі өлкенің суығына тоңып, ыстығына күйді. Сырдың суына шомылып, құмына күйіп өскен қара торы жігіт Арқаның бет бақтырмас бораны мен ақшұнақ аязында шыңдалды. Мұның өзі бізді бұрынғыдан да жақындастыра түсті. Одан кейін Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» газетіне қызмет ауыстырып, жалпы Арқада он жылдай жемісті еңбек етті. Талай курстастарымыз, бізден кейінгі көптеген інілеріміз таңдаған киелі кәсібіне байланысты орта жолдан кері қайырылса, Иекең алған бетінен қайтпады. Қайсарлық танытты.

Иекең алпыс жылдан аса журналист ретінде көп асудан асты, талай жердің дәмін татты. Журналистік жазу-сызуына келсем, қаламы әу бастан тайпалған жорға екенін бәріміз мойындағанбыз. Құқық тақырыбын өмір бойы қаламының өзегі етті. Қаламды осы салада бұл биікке көтерсе, қаламы мұны биіктетті.

Иекеңнің ақындық қыры, кейінгі кезде ғана жарқырап көрінгенмен, ол өзі бойында жас кезінен бар еді. Өлеңді ерте бастан жазған. Бірақ, келе-келе көркем сөзді көсемсөзі жеңіп кеткен. Алайда, Құдайдың берген ақындық қасиетін ешкім тартып ала алмайды екен, кеш те болса жұрт қолына тигізіп, Иекең поэзия саласында да өзіндік бет-бейнесі қалыптасқан қарымын танытты. Бұрнағы жылы «Жаса, жарық күн!» атты жыр жинағы жарық көріп, оқырмандар тарапынан жоғары бағасын алды.

Енді, міне, байырғы досым мені шығармашылығымен тағы да зор қуанышқа бөледі. Алматыдағы «Arna-b» баспасынан «Жақсының жарығы» атты ғұмырнамалық кітабы (редакторы Қ.Сәрсенбай) жарыққа шығып, қолыма тиіп отыр. Онда сыр-сұхбаттары, тағылымдық жазбалары, ой-толғаулары бар. Алдымен маған кітаптың аты ұнады. Құрылымы да өзгеше екен. Кітап шымылдығы үш арқалы ақынның Иекеңе арнаған иірімі бөлек өлеңдерімен ашылған. Өлеңдер қамшыдый жымдасқан өзгеше өрімімен, ең бастысы, ыстық ықылас, ақ адал ниеттен туғандығымен ұнады өзіме. Ақын, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы М.Әміреұлы «Бірде жақын болсақ та, бірде қашық, Қызық шақтар кеткен жоқ қырдан асып. Арамызда күн сайын жүрмегенмен, Алматыда бір жан бар Сырға ғашық» деп бастап, Сыр өңірімен жаны мен қаны біте-қайнасып кеткен асыл ағасына арнаған жан сырын алғаусыз ақтарса, белгілі ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Ғ.Жайлыбай сексеннің сеңгіріне сергек шыққан ағасына арнаған өлең шумақтарында арда туған азаматтың ірілігіне сүйсініп былай дейді:

…Сырластың аңызбен де, абызбен де,  
Тасыңды асау толқын ағызды өрге.  
Қол соқты қошеметтеп қара орман жұрт,  
Баласы Қарымсақтың қара үзгенде…  
Бәйгесін берер-бермес ұмсындырып,  
Бәріне бүгін аға, тұрсың күліп.  
…Толқынын сұлу Сырдың енді бүгін  
Өріне Алатаудың жүрсің бұрып.

Ақын, танымал журналист Т.Тәшенов інім «Қарымсақұлы қағидасы» атты өлеңін былай төгілтіпті:

Қоп-қою, қара қасы жалбыраған,  
Көрінер көп ішинде кең бір адам.  
Сексенде де сыр бермес сексеуілдей,  
Қаратаудай қайырылып хал сұраған…  
Алыс, аулақ жүреді мақтан істен,  
Сырдың суын өзіне шақтап ішкен.  
Қарапайым қалыбы, жылы жүзі,  
Құмғандай көрінеді отқа піскен…

Иірсе асығының алшысы көп,  
Не жазса да тиеді қамшысы дөп.  
Қайдан болсын қаламы тауып алып,  
Жақсы адамның келеді жаршысы боп.., – дей келе, құқық бұзған талайларды қаламмен құрықтаған, ірілік, изеттілік, икемділікті қағида тұтынған Иекеңнің кемдігі жоқ кеңдігіне сізді де тәнті етеді.

***Жақсы адамдардың жаршысы***

Ғылым докторы, белгілі жазушы Н.Ақышініміз «Үзілмейтін ізденістер ізімен» атты осы кітапқа жазған алғы сөзінде былай депті:

«…Иекең, негізінен, қалың оқырманға қылмыстық-атқару жүйесінің барлық қыр-сырына қанық қаламгер ретінде, кез-келген журналистің азуы бата бермейтин өткір тақырыптарды жеріне жеткізе білетіндігімен танымал болды десек, қателеспейміз. Журналистік міндетін қоғамның өзекті мәселесін барынша терең ашып көрсетіп, шындық пен әділдіктің жаршысы болу деп түсінеді. Сондықтан мәселені жан-жақты әрі терең қозғап, жеріне жеткізе жазып жүр.

Мен Иекеңді жақсы істердің ғана емес, жақсы адамдардың да жаршысы дер едім. Адамның адамдығын айтудан асқан парыз бар ма?! Бар күш-жігерін, жүрек жалыны мен қуатты қызуын өзінен бұрын өзге замандастарының елге танылуына, жан сарайына үңілуге, жолын ашуға жұмсаған журналистің қаламгерлік бақыты да осында. Жан-дүниесі бай мұндай азаматтардың тоқтаусыз қызметін қоғам байлығы деп санауымыз керек».

Осымен Иекеңнің жеке басына қатысты жай-күйлерді бір түйіп тастап, енді бұл туындыда не айтылды, тікелей соған көшейік.

«Қырандар биікте самғайды» атты бірінші бөлім Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаевпен «Сырға толы сыр елі» атты сұхбатпен ашылады. Қырымбек Елеуұлының білікті ұйымдастырушы, қабілетті де қарымды басшы екендігі, топты бастап, жол көрсеткен тұлғалық бейнесі, атқарған сан салалы қызметі кітапта жан-жақты көрсетілген. Өңір өніміне дем беруші негізгі өндіріс орындары мен халыққа қажетті жол-көлік қатынастарының дені осы Көшербаевтың тұсында кең тыныс алды.

Марқұм З.Жарқынбаевпен қазіргі «Егемен Қазақстан» газеті бас редакторының бірінші орынбасары кезінен араластым. Адамгершілік, тазалық, тектілік, кісілік қасиеттері мол адам еді. Кейін Қызылорда облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінің бас редакторы қызметіне ауысты. Кітапта Иекең «Өмірге жолдаманы Жүргеновтен алған…» атты жазбасында Зекеңнің өнегелі үлгісінен, ұстаздық тағылымынан, биік рухынан тамаша сыр түйіпті. 1958 жылы Зекең осы газетке Иекеңді 18 жасында хат тіркеуші етіп қызметке қабылдаған, арада көп уақыт өтпей әдеби қызметкерлікке жоғарылатқан. Одан әскер қатарына алынған. Елге қайтып оралған соң осы газет редакциясында еңбек етіп, жаңа редактор Ұзақ Бағаевтың мектебінен өткен, ол жайлы да талай естеліктер жазды. Мұны Иекең екі редактордың бойына сіңірген тәлім-тәрбиесі деп біледі.

И.Қарымсақұлы жасынан осындай жақсы адамдардың шарапатын көріп, жанында көп жүрген, тағылым жиған. Осыдан-ақ оның бойындағы қасиеттердің түп-тамыры тереңде жатқанын оқырман өзі де шамалап отырған болар деген ойдамыз. Қысқасы, автордың Зекең образын әр қырынан әдемі аша білгенін аңғару қиын емес.

***Кейіпкерлерге көз салғанда***

«Тектіден текті туады» атты жазба қолынан қаламын тастамай жүріп ел басқарған, Сыр өңіріндегі алғашқы қаламгер-хатшы Е.Көшербаев тұлғасын тануға арналған. Кезінде Қорқыт бабаның кешенін тұрғызғанда, үстінен Кремльге дейін арыз жазылса да, қыңқ етпеген қайсар Елеу ағаның елеулі еңбегі елдің есінде.

Бірнеше ауданның бірінші хатшысы болған, аудандық, облыстық кеңестердің депутаты, СОКП съездерінің әлденеше рет делегаты болып сайланған Елеу Көшербаевтың халқы үшін атқарған ісі, қалдырған өнегесі ұрпаққа үлгі. Жалпы, Көшербаевтар әулеті Сыр өңірінде еңбекшілдер династиясы ретінде бұрыннан белгілі. Ат үстінен түспеген әулет. Әкесі К.Дәрібаев ақсақал Социалистік Еңбек Ері атанған ерен еңбегі бар жылқышы болған. Оның ұлдары да әке жолын абыроймен жалғастырды. Бір ұлы Қырымбек Көшербаев облысты басқарып отырса, тағы бір ұлы Айтбай аудан әкімі болды, қазір өндірісте басшы. Елеу ағаның ұлдары жүлде алған айтулы спортшылар. Сондықтан соңында жарқын да өшпейтін із қалдырған Елеу аға жайлы Иекеңнің мақаласы елді, жерді көркейткен тұлғаға деген тағылымды жазба ретінде оқыған жанның есінде сақталады.

Жалпы, Иекеңнің осы кітапқа топтастырылған кейіпкерлерінің бәрі де осал емес. Шетінен мықты. Оларға жеке-жеке тоқталмай-ақ, оқырман өзі іздеп тауып оқыр деген ой туады. Олар кімдер: мемлекет және қоғам қайраткерлері С.Шаухаманов, У.Бишімбаев, Қ.Бисенов, Т.Маханов, А.Бисенов, Н.Табынбаев, Р.Әміреұлы, Ж.Шәріпов, М.Әміреұлы, Т.Тәшенов, Ә.Рахымбекұлы, Б.Ойса…

Екінші бөлім «Өнегеге толы өмір» деп аталады. Олар: «Ардагерлерді алға ұмсындырған ақсақал» (М.Кәркенов), «Қоғам ілгерілеу үшін ізгіленуі керек» (аудандық сот төрағасы Е.Үстелбаев), «Биіктен бақыт іздеген» (сәулетші А.Жұрынова), «Дауларды шешудің баламалы жолдары бар» (сот төрағасы И.Сматов), «Мұратына адал мұрағатшы» (Ж.Шалғынбаева), «Қармақшының қаһарманы» (Қ.Есдәулетұлы), «Арнайы прокурор» (Ж.Қадырұлы), «Жүрегінде ізгілік оты жанған» (Қ.Түймебайұлы), «Жұрт жүрегіндегі Жұмабек» (Ж.Абаев), «Өмірі еңбекте сыналған» (С.Әбдіқұлов), «Дарбазадан шыққан дарабоз» (майдангер, еңбек ардагері С. Байғозыұлы)…

Үшінші бөлім «Қаламы жүйрік қалғымайды» деп аталады. Атынан көрініп тұрғандай, бәрі шетінен қалам ұстаған мықты жазармандар: «Жыр жайсаңы» (М.Әміреұлы), «Әдепке шақырған Әдетов» (жазушы-журналист Б.Әдетов), «Өзге емес, өзім айтам өз жайымды» (жазушы К.Сегізбаев), «Ұлт басылымының жанашыры-жанкүйері» (марқұм Ж.Кенжалин), «…нағыз батыр екенсің ғой» (жазушы Б.Ұзақбаев), «Қайраткер. Ақын. Азамат» (С.Құттыбайұлы), «Нұртөренің мың құмырсқасы» (Н.Жүсіп), «Ақиқатын енді сіз айтыңыз!» (журналист Г.Бектас)…

«Алматы ақшамы» газетінің (Бас редакторы, жазушы-публицист Қали Сәрсенбай) 1996 жылдан бері тұрақты авторы, әріптесім Итен Қарымсақұлы жас журналистерге айрықша қамқорлықпен қарайды. Газет биылғы жылдың 5 қаңтарында «Әріптес әлемі» деген айдармен Иекеңнің «Сарыарқадан жеткен самал» деген естелігін жариялады. Онда бұрынғы Жезқазған




облыстық «Жезқазған туы» газетінің 1973 жылдың 13 сәуірдегі алғашқы нөмірін тәжірибелі корректор болмағандықтан өзі оқып һәм кезекші редактор ретінде тұңғыш газеттің жарыққа шығуына қол қойған. Енді сол газеттің заңды мұрагері, аймақтық «Сарыарқа» газетінің Бас редакторы Д.Мұханның іскерлік қабілетіне сүйсініп, шығармашылық жолда сәттілік тілеп жазған естелігін кітапқа қызыға оқыдық. Сүйсіндік.

Төртінші бөлім «Тәуелсіздік және туған ел» бөлімінен оқырман Итен Қарымсақұлының тәуелсіздікке арналған өлең-жырларын, сондай-ақ, «Алматы ақшамы» газетінің 2017 жылғы 24 тамыздағы нөмірінде ықшамдалып жарияланған «Әке мен бала» деген Көшербаевтар әулеті жайлы жазған көлемді сыр-толғауының толық мәтінін оқи алады. Мұның ұлтжанды, ержүрек Елеу ағаның 90 жылдығы алдында жарық көруінің тәрбиелік әрі тағылымдық зор маңызы бар. Осы бөлімде бір әулеттің қос қарлығашы, бірі ғалым, екіншісі ақын Рақыш пен Махмұтбай Әміреұлы жайлы жазылған «Өмірде қатар өсіп, болдық сырлас» деген арнау өлең де оқығанда жақсы әсер қалдырады.

Кітаптың бесінші және алтыншы бөлімдерінде сұхбаттары, туындылары жайында жазылған пікірлер, авторлардың талдау мақалалары топтастырылған. Одан әрі жыр-шашулар, марапаттар, құттықтаулар болып жалғасады. Әрине, әулеті, ұрпақтарына да орын берілген. Кітап беттері арасы көрнекі фотолармен көмкерілген. Көрдіңіз бе, сан салалы, нағыз ғұмырнамалық тамаша кітап болып шыққаны көзге әдемі көрінеді. Бұл жағынан сексеннің сеңгірін бағындырған досымның еңбегі бәрінен ұтып тұр.

Сөзінен қуат, жүзінен шуақ кетпеген белгілі қаламгер Итен Қарымсақұлының «Жақсының жарығы» атты жаңа шығармасына көз жүгірткенде туған қысқаша ой-пікірлер осындай.

**Қойшығара САЛҒАРАҰЛЫ,**
**ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,**
**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,**
**ғалым-жазушы**
*Астана*

МЕМЛЕКЕТ және ҚҰҚЫҚ

# ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

## әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесуге жағдай жасайды

**Қазіргі уақыттағы өзекті мәселелердің бірі гендерлік саясат болып табылады. Гендерлік саясат – қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет.**



Қазақстанда гендерлік саясат жүргізу жөніндегі жұмысты Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді. Оның негізгі міндеті отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

Гендерлік саясаттың негізгі қағидаттары Қазақстан Республикасының Конституциясы мен кепілдік берілген әйелдер мен ерлердің тең құқығы мен еркіндігін белгілейді. Тәуелсіздігіміздің алғашқы күндерінен бастап гендерлік теңдік мәселесі Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев ұстанған саясаттың бір басымдығы болып келеді.

Гендерлік саясат «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңдармен реттеледі. Ол адамдар мен азаматтардың отбасылық-тұрмыстық қатынастары саласындағы заңдық мүдделері мен бостандықтарын, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесуде конституциялық құқықтарын қорғауға бағытталған. Қабылданған заң әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу жолында шынайы құқықтық жағдай жасады. Гендерлік саясат әйелдерге тең қолжетімділікті және өмірдің барлық салаларына қатысуды қамтамасыз етуі қажет. Бұл саясаттың алға жылжуы үшін әйелдерге саяси, экономикалық және қоғамдық өмірге араласу қажет.

Бүгінде әйелдер саясатта, бизнесте, экономиканың барлық салаларында ер азаматтармен қатар еңбектеніп, қабілет дарынымен, іскерлігімен көзге түсіп қана қоймай, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосуда.

Халықаралық аренада әйелдердің саяси көшбасшылығы уақыт өткен сайын айқындалып келеді. Жалпы әйел заты қазақ қоғамы үшін, қазақ мемлекеті үшін қашанда ардақты саналған. Еліміздің де тең жартысы әйел қауымынан тұрады. Бүгінгі таңда әйелдер ошақ басындағы қазанның құлағында емес, денсаулық сақтау, ағартушылық жүйенің, мемлекеттік қызметтің, сондай-ақ, бизнестің де құлағын ұстағанына қарамастан отбасының жарасымдылығына көп үлес қосып отырғаны жасырын емес.

Елбасымыздың гендерлік саясатқа көңіл бөлуі жақсы көрсеткіштерге алып келетіні сөзсіз. Әйелдер өздерінің жеке басының әлеуеті мен адами әлеуетін іске асыра отырып, әлеуметтік дамудың барлық процесстеріне тең дәрежеде қатысатын болады. Осының бәрі елдегі азаматтық қоғамның одан әрі жетілуіне ықпал ететін болады.

**Қабылда ҚАДЫРОВ,**
**Жезқазған қалалық сотының судьясы**

ПСИХОЛОГ КЕҢЕСІ

# АТА-АНАНЫҢ ҚАДІРІН БІЛМЕГЕН – ХАЛЫҚ ҚАДІРІН БІЛМЕС

Ата-анасыз өмір жоқ. Демек, бала – ата-ана өмірінің жалғасы. Халқымыз «Баламның табанына кірген шөңге менің маңдайыма кірсін», – деп перзентін әлпештеп, «Бала ата-ананың бауыр еті», «Балалы үй – базар,баласыз үй – мазар» деген даналықтарынан-ақ ата-анның балаға деген ұлы сүйіспеншілігін ұғамыз. Әсіресе, тіршіліктің қайнар көзі, махабат пен мейірімнің бұлағы саналатын анадан асқан жан жоқ. Сондықтан, ананы ардақтамайтын халық жоқ.

Халқымыздың байырғы ұғымында баланың анасы алдындағы парызын онықасиетті Меккеге үш рет арқалап апарса да өтей алмайды делінген. Атақты орыс жазушысы М.Горькийдің: «Дүниедегі асыл атаулының бәрі күннің нұрынан,ананың сүтінен жаралған» деуі де сол шындыққа мегзейді. Ата-ананың үміт-арманы баласымен бірге жасайды.Сол себепті олардың бар тілеуі балаға бағышталған.Оның амандығын, үрім-бұтақты, бай, бақытты, абыройлы болуын тілеп, қартайғанда сол баланың қайырын көруді мақсат етеді. Алайда, «Ананың көңілі – балада,баланың көңілі – далада» демекші, өзінің перзенттік борышын түсінбеген, сөйтіп,ата-анасын жерге қаратып,көкіректерін қарс айырғандар бар. Бұндай жағдайлар бұрын да, қазір де орын алып жатады. Әсіресе,қоғамда тәртіп әлсіреп,тұрмыс-тауқыметі күшейген, жұмыссыздықтың белең алған бүгінгі күннің шындығы осы. Жастардың арасында жанын қинап еңбек етпей-ақ, дүние табуға әуестенушілік күшейгені де дәстүрлі отбасылық қарым-қатынастарға елеулі нұсқан келтіріп жатқанын көріп жүрміз. Ал, оның зардабын емдеу мүмкін емес.

Ата-ананың сөзін сыйлап,құлақ асу,пікірлес болу отбасы тіршілігінің бір ғанибеті ғой.Сол арқылы-ақ бала ата-анасының мерейін өсіріп,өз ортасында төрден орын алуына көмектеседі. Керісінше,ата-ананың сөзін құлаққа ілмейтін,өзі тағы жөн білмейтін жетесіз бала олардың сағын сындырып,төрдегі басын есікке сүйрейді.

Отбасындағы психологиялық оңды ахуал, татулық пен тыныштық, жайдары қабақ, бейіл-береке-оның барлық мүшелерінің ырысы, ойға алған істерінің өрге басып, мақсаттарының жүзеге асуының кепілі.

Балалардың ұрысқақ, жанжалқой, дөрекі-дөкірлігі әке-шешенің жатса-тұрса, жадынан шықпайтын қаупі,азабы болады. Ондай ата-аналар үнемі алаңдаумен күн кешіп, қабақтарынан кірбің кетпейді.Олардың жанына бататыны – әлпештеп өсірген ұл-қызының ата-анасын адам деп елеп,олардың ауру-сырқауын, қам-қайғысын бір сәт те болса қаперлеріне алмайтыны.

Ата-ана алдындағы әдептілік – баланың бармақтай кезінен бойына табиғи дарығын қасиет болуы тиіс. Мәселен, шәкірт баланың оқуыда озат, сыныптастары арасында сыйлы, ұстаздарына, мектептегі басқа да үлкендерге ілтипат танытып,мектептің ішкі сыртқы тазалығын сақтау мен ауласын көгалдандыруға атсалысу, түрлі қоғамдық іс-шараларды атқарысуға ынта қойып әрі іскерлікпен араласуы да ата-анасын сыйлаудың, үміт-тілегін ақтаудың белгісі. Сонымен қатар, болашақта оларға сүйеніш, қамқор, айналасына қадірлі болар азамат өсіп келе жатқанының нышаны.

**Перизат ӨТЕЕВА,**
**Жезқазған қаласы ПБ кадр бөлімінің психологы, полиция майоры**

# ТМД ЕЛДЕРІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК-КОНФЕССИОНАЛДЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

Дін – халықаралық қауымдастықтардың өміріндегі маңызды саяси факторлардың бірі. Сондықтан да, мемлекет пен конфессиялар арасындағы қатынастың реттелуі, елдің тұтастығы мен бірлігін сақтауды қамтамасыз ететін ішкі және сыртқы саясаттың бір бағыты болып табылады.

Қазіргі уақытта жаңадан пайда болған діни қозғалыстардың ұлғаюы мемлекет, дін және қоғам арасында жаңадан мәселелердің пайда болуына алып келді. Осы мәселелерді шешуде посткеңестік елдер мемлекеттік-конфессионалдық қарым-қатынасты зайырлылық ұстанымдарға негіздейді. Қазіргі уақытта мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қатынасты құқықтық тұрғыдан реттеуде әрбір мемлекеттің өзіне тән ерекшеліктері бар. Аталған кеңістіктегі елдерде мемлекеттің конфессияларға бағытталған саясатын жүзеге асыруда арнайы комитеттер құрылған.

ТМД елдеріндегі конфессиялармен қарым-қатынас мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара әріптестігі негізінде азаматтардың рухани-моральдық тұрғыдан дамуына бағытталған. Сонымен қатар, мемлекет пен конфессиялардың әріптестік қатынасы тарихи маңызы бар нысандарды сақтап қалу мен қалпына келтіру мәселелерінде бірлескен жұмысынан көрініс береді. Сөзімізді нақтылау үшін Ресей Федерациясының «Ар-ұждан бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңын мысалға келтіруге болады.Аталмыш Заңға сәйкес тарихи және мәдени ескерткіш болып танылатын нысандар мен ғимараттарды қорғауда, сақтауда және қалпына келтіруде діни бірлестіктерге мемлекет қаржылық, материалдық және өзге де көмек көрсетеді. Сонымен қатар, Ресей Федерациясы 2010 жылдың желтоқсанында «діни бірлестіктерге мемлекеттік және коммуналдық меншіктегі діни мақсаттағы заттарды қайтару туралы» Заң қабылдаған болатын. Бұл Заң 1917 жылғы қазан революциясынан кейінгі болған оқиғаларға байланысты діни конфессиялардың айрылған меншіктерін қайтаруға және тарихи әділдікті орнатуға бағытталған. Аталмыш Заңдар мемлекет пен конфессиялар арасындағы қарым-қатынастың бейбіт және келісім бағытында дамуына әсер етті. Осылайша мемлекет пен діни бірлестіктер ТМД елдерінің аумағында қоғамның дамуы үшін бірлесіп қызмет етуде.

ТМД елдерінде діни ахуал қалыпты жағдайда деп айтуға болады. Дегенмен Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғыз Республикаларында діни ахуал күрделірек. Аталмыш мемлекеттерде ислам діні үлкен басымдыққа ие және бұл мемлекеттер діни тұрақсыздықтар орын алатын Орта Азиядағы елдерге жақын орналасқан. Осы себептерге байланысты аталған елдер мемлекеттік-конфессионалдық қатынаста ислам дініне баса назар аударады. Бұл мемлекеттер ислам діндегі радикалды ағымдарға тойтарыс беру мақсатында Ханафи мазхабына басымдық береді және дін атын жамылған деструктивті топтарға қарсы іс-шаралар өткізіп, заңға күшейтулер енгізуде.

ТМД мемлекеттерінің ішіндегі кейбір елдерде халықтың басым бөлігі ұстанатын дәстүрлі діндерге басымдық берілген. Атап айтқада, Грузия Конституциясы дәстүрлі дін мәртебесін енгізген. Осының негізінде мемлекет Грузия православ апостол шіркеуімен келісімшарт жасасып, оған бірқатар жеңілдіктер берілген (Грузия мемлекеті мен Грузия православ апостол шіркеуі арасындағы Конституциялық келісім).

1991 жылғы 17 маусымдағы «Ұждан бостандығы және діни ұйымдар туралы» Армения Республикасы Заңының преамбуласы мен 17-бабында Армян апостол шіркеуін армян халқының ұлттық шіркеуі ретінде бекіткен. Заңның 17-бабында ел аумағынан тыс жерлерде де қызмет етіп жатқан Армян апостол шіркеуі халықаралық құқықтық нормалар аясында Армения Республикасы тарапынан қорғалады деп көрсетілген.

ТМД елдерінің арасында Қазақстан Республикасының конфессиялармен қатынасы көпке үлгі бола алады. Елімізде тіркелген әрбір конфессияға мемлекет тарапынан теңдей құқық беріліп, олармен елдің тыныштығын және дінаралық татулықты сақтау мәселелері басты орынға қойылған. Қазақстан мемлекет пен дін арасындағы қатынасты зайырлылық ұстанымдарға негіздей отырып, әлемдегі барша діндерді татулық пен бірлікке шақырады. Осы мәселеде Елбасының бастамасымен ұйымдастырылатын әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі үлкен маңызға ие. Жуырда, 10-11 қазанда елімізде аталмыш шараның VI съезі өтті және бұл жолы діни лидерлер жаһандық қауіпсіздік туралы өз ойларымен бөлісіп, әлемді бейбітшілікке шақырды.

Қорыта келгенде мемлекеттік-конфессионалдық қатынастағы толеранттылық Қазақстан үшін ғана емес, өзге де ТМД кеңістігіндегі барлық мемлекеттерге де тән. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы ұйымына кіретін барлық мемлекеттер көпконфессиялы елдердің қатарына жатады. Жоғарыда көрсетілгендей ТМД мемлекеттері конфессиялармен қатынасын демократияның басты қағидаларының бірі болып табылатын зайырлылық ұстанымдарға сәйкес құруда және елдерінің заңнамаларында халқының тарихи, мәдени, әлеуметтік және дәстүріне бейімдеген.

**Сүйіндік ҚАБЫЛ,**
**ҚР ҚДМ Қоғамдық келісім комитеті дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы діни бірлестіктерді зерттеу бөлімінің ғылыми қызметкері**

САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ!

## СУ ТАСҚЫНЫНАН САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Көктемгі кезеңде су тасқыны адам үшін ең үлкен қауіп төндіреді. Су тасқыны – материалды залал келтіретін халық денсаулығына зақым келтіретін немесе адамдар өліміне алып келетін өзенге немесе көлге жапсарлас елді-мекендердің суға батуы.

**Су тасқынының себептері:**

1.Ауқымды жауын-шашындар.

2.Қардың белсенді еруі.

3.Кептелістердің құрылуы.

4.Бөгеттердің және тоғандардың бұзылуы.



Сол себепті су тасқыны кезінде қалалардың, автокөлік жолдарының суға батуы немесе өнеркәсіп объектілердің зақымдалуы орын алады. Сондықтан су тасқыны кезінде тұрғындардың іс-әрекеті бойынша ескерту.

**Су тасқыны алдында:**

– су басатын ықтималды аумақтардың шекарасын су бармайтын дөңес жерлерді оған қысқа жолды алдын ала айқындаңыз;

– қарапайым жүзу құралдарын әзірлеу үшін құрылыс материалдарын дайындаңыз;

– көшіру қажет болғанда тамақ қорлары мен киімдердің дәрі-дәрмектерін алдын-ала дайындаңыз;

– қажетті құжаттар мен ақшаларды дайындаңыз;

**Су тасқыны кезінде:**

– суды, газды және электр энергиясын ажыратып тоқтатыңыз;

– жанып тұрған жылу пештерін сөндіріңіз;

– барлық құнды заттарды жоғарғы қабатқа көтеріңіз;

– есік, терезелерді жабыңыз;

– эвакуациялық жиналу пунктіне белгіленген уақытта келіңіз;

**Кенеттен болған су тасқыны кезінде:**

– өзіңізге мығым болып, үрейге бой алдырмаңыз;

– тез арада жақын маңайдағы биік жерге шығыңыз;

– қажетті эвакуация жағдайында қолда бар жүзу құралдар арқылы өзіңізді құтқарыңыз;

– күндіз биік жерге ақ немесе түрлі-түсті мата іліп қою керек, түнде жарықпен белгі беріп отырыңыз;

**Су тасқыны өткеннен кейін:**

– құлау қопарылу ықтималдығын байқау үшін үйіңізді абайлап тексеріңіз;

– үзілген және салбырап тұрған электр сымдарынан абай болыңыз;

– су тиген тамақ өнімдерін қолданбаңыз;

– санитарлық өндеуден өткенге дейін су ішпеңіз;

– барлық бүлінген жағдайлар туралы тиісті органдарға хабарлаңыз. Осы ескертулерді әрдайым жанымызда сақтай жүрсек, өз өмірімізге қауіп төнбейді. Әрбір адамның өмірі – өз қолында!

**Әнуар САҒЫНАЕВ,**
**Жезқазған қаласы құтқару бөлімшесінің бас құтқарушысы**

## «ЖСЖК» АҚ ХАБАРЛАЙДЫ

«Жылу және сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ әкімшілігі Жезқазған қаласының тұрғындарына 14.03.2013 жылғы Қарағанды облысы мәслихатының XII сессиясының №129 шешімімен бекітілген «Қарағанды облысы бойынша жылу беру маусымына дайындалу және өткізу ережелеріне» келісімді 2019-2020 жылғы жылу беру маусымының үздіксіз өтуі мақсатында, жеке және көп қабатты тұрғын үйлердің, әкімшілік және басқа заңды нысандардың иелеріне 100% дайындық актісін алу үшін келесі талаптарды орындау қажет екенін хабарлайды:

1.Жылу торабын тексеру (құбырлардың ақаулы учаскелерін ауыстыру, жұмыс қабілеттілігіне жапқыш арматурасын тексеру, сақиналық тығыздауды ауыстыру, құбырларды сырлау, жылу оқшаулауын қалпына келтіру);

2.Жылудың ішкі жүйесіне тығыздық жасау (жұмыс қысымынан 1,25 кгс/см2 (атм.)-да 10 минуттан жоғары ұстау қажет);

3.Гидропневматикалық тәсілмен жуып шаю (су мөлдірленгенше пневмокомпрессорды қолдану арқылы);

4.Құжаттар пакетін ресімдеу: қосуға техникалық шарттар, бөлу шекарасының актісі және т.б. (құжаттар болмаған жағдайда);

5.Пайдаланған қызметтер үшін қарыздарды өтеу (бар болса).

Осы талаптарды Жезқазған қаласының әкімдігінің бекітілген кестесі бойынша қатаң түрде «ЖСЖК» АҚ өкілі қатысуымен орындау қажет.

Орындау кестесімен Жезқазған қаласының «ЖСЖК» АҚ – ***http://ptvs.ucoz.net/*** сайтында танысуға болады.

Жоғарыда аталған талаптарды орындамаған жағдайда, «ЖСЖК» АҚ кестеге келісімді жылу энергиясын және ыстық сумен жабдықтауды ішінара немесе толық тоқтату бойынша шараларды қабылдау құқығын өзіне қалдырады.

Анықтамалар **74-46-34** телефоны бойынша.

**Жезқазған қаласының «ЖСЖК» АҚ әкімшілігі»**

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

# ҚОҒАМ БОЛЫП ҚАРСЫ ТҰРАЙЫҚ!

Еліміздің заңнамаларына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу және сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп лауазымды қолданып алу немесе ысырап ету жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

«Қазақстан Республикасының Президентінің ағымдағы жылғы Қазақстан халқына Жолдауында да демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болатынын атап көрсетті. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Осы күрделі сұрақты шешуге ықпал ету үшін Елбасымыз Жарлығымен «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» атты нормативтік актіні қабылдаған. Бұл Жарлық еліміздегі құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағыттала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын-алуда жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді.

Қызмет құзыреті бойынша Тәртіптік кеңесі Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Ар-намыс кодексі талаптарының сақталуын қадағалап, аталған заңнама мен кодекс талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігін қарау белгіленген.

Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қоғам болып қарсы тұруымыз қажет, бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көрністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс.

**Жезқазған қалалық сотының баспасөз қызметі**




Дініміз әділдіктің орнауына қатты мән берген, әділ болуды ешкімнің еркіне тастамады, бәлкім әр бір адамға міндеттеді, әсіресе, билік иесіне өте сақ болуын қаперіне салды, Алла тағала Құран Кәрімде былай дейді:

«Расында, Алла әділдікті, Алланы көріп тұрғандай, ең болмаса Алланың өздерін үнемі көріп, бақылап тұратынын жадында ұстап игі істер істеуді және туған-туысқа қол ұшын беріп қарайласуды бұйырады. Сонымен қатар, арсыздықтан, жамандық атаулыдан және зұлымдықтан (яғни, біреуге зорлық-зомбылық көрсетуден, кісі ақысын жеуден) мүлдем тыяды. Ойланып-толғансын, ғибрат алсын деп, Алла тағала сендерге осылайша насихат айтып, жол сілтейді.»

Алла тағала басқа бір аятта әділдік бәріне бірдей міндет екенін қайталайды: «Алла сендерге аманаттарды иелеріне қайтаруды және адамдар арасында билік айтқандарында әділ үкім шығаруды бұйырады. Міне, осылайша Алла сендерге қандай керемет насихат айтуда. Шүбәсіз, Алла – Сәмиғ (айтқан сөздерің мен үкімдеріңнің бәрін естуші) һәм Басир (не істеп, не қойып жүргендеріңнің бәрін көруші.»

Менің сіздерге осы аятпен айтқым келгені, Алла әрдайым әділдікті сүйеді, әділ адамды жақсы көреді. Адам баласы мінсіз болмайды, қателіктері де болады. Тек дер кезінде, Аллаға құлшылық жасап, кешірім сұрай білу керек. Қол ұшын созу керек жандарға көмекті қолынан келгенше беру қажет. Әр адамға жасаған жақсылығың өзіне мың есе болып қайтып келетінін ұмытпаған жөн. Алланың мейірімділігі, шапағаты шексіз. Алланың разылығына бөленген әрбір жан Алланың сүйікті құлы болады!

Әділ іс ағын судың арнасындай,
Әділ сөз болат семсер алмасындай. (Шораяқтың Омары).

Адамзаттың бойындағы асыл қасиеттер туғанынан бойға сіңіп, өсіп, өне бастайды. Адамның жақсы болуы ата-ананың тәрбиесіне, оның сана-сезімінен, жасаған іс – әрекеттерінен, отансүйгіштігінен байқалады. Себебі адам тумысынан жамандыққа үйір болмайды. Жылдар өте бойға сіңіріледі, сондықтан да болар, отбасы тәрбиесі ең алдымен тұратындығы. Адамның жаны таза, иманды болуы керек. Имандылық әр адам ұлтына, нәсіліне, жынысына, дініне қарамастан, иманды болып туады. Иманды бала дөрекілікке бармайды, ата-анасын ардақтайды, кісіге қиянат жасамайды. Имандылық бар жерде рухани тазалық бар, сенім бар. Ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсарин мынадай адамгершіліктің түрлерін атап көрсетеді, жеті жақсы қасиет: біріншісі: имандылық, екіншісі: жоғарғы әділдік, үшіншісі: адалдық, аққөңілділік, төртіншісі: сыпайылық, момындық, бесіншісі: адал ниетпен өсиет беру, алтыншысы: жомарттық, қайырымдылық, жетіншісі: дұрыс заңдылық. Қазақ халқы: «Адамгершілік болмай, Әділдік болмас», – дейді. Адами құндылықтардың ең басында осы әділдік тұрды. Жалпы әділдік – адамгершіліктің бастауы, асыл қасиеті. Заманға сай әділдік түсінігі әртүрлі өзгеше сипат ала бастады. Ислам дінінде барлық мұсылман қауымнан әділдікті талап етті. Әділдік сөзі өте ауқымды, оның кіріспейтін жері жоқ. Әрбір айтқан сөзінде, әр жасаған ісінде, сенімінде, адам ойында әділдік болуы қажет. Ешбір жан әділдіксіз биік шыңдарға шыға алмайды. Сондықтанда әділдіктің Исламдағы алатын орны ерекше. «Өзің үшін еңбек қылсаң, – дейді Абай, – өзі үшін ғана өмір сүретін хайуанның бірі боласың. Досыңа достық – қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол». Ақылды, мейірімді адам кез-келген уақытта өзгенің жасаған әр жақсылығын бағалап қастерлейді. Арлы адам – ардақты. Біздің ортамызда осы барлық жақсы қасиеттерді, сапаларды бойына сіңіріп қана қоймай, өзін қоршаған ортаға таратушы, осындай өз сапаларымен жас ұрпақты тәрбиелеуші ұстаздар аз емес. Адамгершілігі мол адам – басқаларға қашан да үлгі-өнеге. Батырлық, ерлік көрсету – адамның жан дүниесінің ерекше қасиеті. Адамның барлық жақсы қасиеттері туралы тақырып мәңгілік болып табылады. Ол ешқашан ескірмейді де. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттердің бірі. Адамгершілік – адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі – адамдық тәрбие. Балаларымызды имандылыққа тәрбиелеу үшін кішкентай кезінен үлкенге құрмет, кішіге ізет болуды үйретіп, олардың ар-ұятын, намысын оятып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілдік, қамқорлық көрсету, адалдық, сияқты қасиеттерді бойына сіңірту қажет. Егерде бала үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсетіп, иманды болып, адамгершілік қасиеттерін бойға сіңірген жағдайда, онда оның барлық адамгершілік тәрбиесінің жемісі, еңбегі екенін ескерген жөн. Сүйегі жоқ балық болмайтындай, кемшілігі жоқ адам да болмайды. Өз жанына көп үңілген адам өз кемшіліктерін түзете алады, бәрін білемін демейді, көкірек кермейді. Білімің, лауазымың қанша жоғарласа да кішіпейіл бол, аспанға қарама, адамға қара. Адамның күні адаммен! Адам – адамға жақсылық жасау үшін жаралған жан. Сондықтан сенің әр жасаған жақсылығың адамдар жанын жылытсын!

**Жезқазған қаласы Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіттің баспасөз қызметі**

## 22 наурыз – Наурыз мейрамын мерекелеуге арналған іс-шаралар Афишасы

**17.03.2019 ж.**
*«Армысың, мерейлі – Әз – Наурыз!». Әуенді думан*
**Қала кітапханаларында**

**18-20.03.2019 ж.**
*Аз қамтылған, көп балалы отбасылары үшін қайырымдылық акция*
**қала мейрамханаларында**

**18.03.2019 ж**
*«Наурызым-дәстүрлі ізгілік». Салт-дәстүр отауы*
**Қала кітапханаларында**
*Мектеп оқушыларының қатысуымен ұлттық ойындар конкурсы*
**Жезқазған қаласының тарихи – археологиялық музейі**
*«Армысың, жыл басы – Наурыз!» қаламыздың қоғам қайраткерлерінің қатысуымен мерекелік дөңгелек үстел*
**С.Сейфуллин атындағы кітапхана**

**19.03.2018 ж.**
*«Жылдың басы Наурыз» атты 22 наурызға арналған филармония әртістерінің қайырымдылық концерті*
**Қарттар мен балалар үйі**

**22-24.03.2019ж.**
*Еркін күрестен 2004-2005 ж.т. кіші жасөспірімдер мен қыздар арасындағы КСРО СШ Танау Нығызбаевты еске алуға арналған дәстүрлі республикалық турнир*
**«Ұлытау» спорт сарайы**

**22.03.2018 ж.**
*Мерекелік салтанатты бағдарлама:*
*-Театрландырылған қойылым;*
*-Концерттік бағдарлама;*
*-«Үздік киіз үй» сайысы;*
*- Көпшілік серуен;*
*- Спорттық жарыстар;*
*- «Бауырсақ шоу» сайысы;*
*(қазақ күресі, эстафеталық ойындар, тоғызқұмалақ, гір көтеру, асық ойыны).*
**Алаш даңғылы**

**23.03.2019ж.**
*Мүмкіндігі шектеулі жандар арасында футболдан жарыс*
**Спорттық сауықтыру кешені**

**24.03.2019ж.**
*Шахматтан қалалық жарыс*
**Оқушылар сарайы**
*Армрестлинг спорт түрінен қалалық турнир*
**Спорттық сауықтыру кешені**

**25.03.2019 ж.**
*Жезқазған медициналық колледжінің ұйымдастыруымен қайырымдылық концерт*
**сағат 11.00 Қарттар үйі**

**29.03.2019 ж.**
*Жастар жылы аясында қалалық «Жезқазған аруы - 2019» байқауы*
**Халықтар достығы мен мәдениет үйі**

### Құрметті қала тұрғындары мен ақ жаулықты әжелер!

Биыл қаламызда алғашқы рет Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамын атап өту бағдарламасы аясында ақ кимешек киген әжелер арасында **«Әжелердің ұлттық киімі»** атты сайыс өтетінін хабарлаймыз.

**Өтетін орны:** Алаш алаңы 1

**Уақыты:** 22.03.2019 ж сағат 12.00 де

Толық ақпарат алу үшін мына телефон арқылы хабарласуға болады **73-40-32**

### Құрметті қала тұрғындары және қала қонақтары!

22 Наурыз – Ұлыстың ұлы күніне орай Алаш алаңында қазақтың ұлттық спорт түрлері қазақ күресі, белбеу күресі және қой көтеруден, бәйге тартыстан жарыстар өтетінін хабарлайды.

Қазақ күресіне ересектер арасында 66,82,+82 кг салмақ дәрежелері қатысады, белбеу күреске ересектер үшін 80, +80 кг салмақ дәрежесі рұқсат етіледі.

Белбеу күресіне кәсіпқой спортшылар қатыстырылмайды (қазақ күресі, дзюдо, самбо).

Сонымен қатар гір тасын көтеру, қол күресі, тоғызқұмалақ, асық ату, арқан тартыс спорт түрлерінен жарыстар өтеді. Спорт түрлері бойынша жарыс жеңімпаздары ақшалай, бағалы сыйлықтармен және дипломдармен марапатталады.

**Өтетін орны және күні:** 22 наурыз сағат 11:00де Алаш алаңы Халық Банкінің алды.

Қазақ күресі, белбеу күресіне қатысушылар үшін салмақ өлшеу сағат 10:00 ден бастап жүргізіледі.

Келіңіздер, көріңіздер, спорттық ойындарға қатысып жеңімпаз атаныңыздар!




СПОРТ

# ЖЕРЛЕСТЕР – ЖЕҢІМПАЗДАР САНАТЫНДА

**Бүгінде еліміздің барлық аймақтарында спорттық кешендер көптеп салынуда. Сондықтан еліміздегі тұрғындардың спортқа деген қызығушылығы жыл санап емес, күн санап артып келеді. Бұл Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың халық арасында бұқаралық спорт түрлерін кең түрде насихаттау мен дамыту жолындағы ұстанған саясатының жемісі десек артық айтқандық емес.**

Әрбір азамат өзіне жайлы, жақын деп санаған спорт түрін таңдап, жанына серік етеді. Солардың бірі – болашағынан зор үміт күттіретін **Болатжан АЛТЫНБЕК.** Болатжан – Жезқазған қаласының тумасы. Бүгінде Жезқазған қаласындағы №1 орта мектепте оқиды. Спорттың «Каратэ киокушинкай» түрімен айналысқанына – 1 жыл. Бапкері –Арман Әлмағанбет. Болатжан жас болғандығына қарамастан Жезқазған қаласы бойынша әр түрлі жарыстарда жүлделі орындардан көрініп жүр.

Қарағанды қаласында каратэ киокушинкайдан «Шахтерлар ас-танасы кубогы» деген атаумен өткен республикалық турнирге де қатысты. Аталмыш жарыста жерлесіміз жүлделі I орынды еншілеп қайтты. Жалпы саны алты кездесу өткізген ол өзіне тең келер қарсылас шақ келтірген жоқ. Бұдан өзге бапкер-жаттықтырушысы Арман Әлмағанбет бастап барған команда мүшелері жалпы саны 2 алтын (Болатжан Алтынбек, София Терехова), 2 күміс (Артем Че, Айдар Кеңесов), 2 қола (Бейбіт Сейтжанова, Айсұлтан Еркеев) жүлде қанжығалады. Осындай жас таланттарымыз жеңіс тұғырының биік шыңынан көрінгенде арамызда болашақ чемпиондардың өсіп келе жатқанына қуанып, ұландарды мақтан тұтамыз.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялағаны белгілі. Осындай үлкен қолдауға ие болған шақта жастардың бұдан биік, бұдан да ірі турнирлерде жеңімпаз атанып, қаламыздың атын шартарапқа шығаратынына сенім мол. Команда бапкері мен жас спортшыларға толағай табыстар мен жарқын жеңісті күндері көп болсын дейміз.

**Жеңісбек БАЛАБЕК**

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

# МЕШІТ ҰЖЫМЫ ҚАРТТАР ҮЙІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫН ҚУАНТТЫ

***«Үлкендерін құрметтемеген, кішілерге мейірім етпеген адам бізден емес» (Имам Бұхари).***

Көктемнің алғашқы мерекесі 8 – наурыз халықаралық әйелдер күнімен құттықтауда Ахмет ишан Оразайұлы атындағы Жезқазған мешітінің ұжымы өз назарын қарттар үйіндегі үлкен кісілерге аударды.

Мешіт қызметкерлері Жезқазған қаласында орналасқан қарттар үйіне барып, келе жатқан мерекелерімен құттықтап, шағын концерт қойып берді. Бұл іс-шарада Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіттің бас имамы Нұрбол Тағаев сөз сөйлеп, қазақ халқының анаға деген ерекше құрметіне кеңінен тоқталды. Асыл дінімізде де аналар қауымы зор құрмет иеленетінін айтқан бас имам.

Қайырымдылық шарасына атсалысқан Жезқазған музыкалық колледжінің 3-курс студенті Дамир Мизанбаев өз өнерін көрсетіп, терме орындап берді. Қарттар үйінде істейтін барша әйелдер қауымын мерекемен құттықтады.



Ертедегі ата-бабаларымыз неткен дана болған десеңізші?! Олар жас ұрпақтың ақылшысы да, жол көрсетушісі де арамызда жүрген ақсақалды аталарымыз бен ақ жаулықты аналарымыз деп есептеген. Олар – кез-келген әулет пен шаңырақтың ырыс-берекесі. Сондықтан оларға қандай құрмет көрсетсек те жарасады. Тек солардың қадірін біліп, қартайған шақтарында ыстық ықыласқа бөлесек болғаны. Жалпы, өңірімізде дін қайраткерлері аға буын өкілдерімен қамқорлық танытып, кішіпейілділік көрсетуі кейінгілерге ғибрат. Имам Бұхари өзінің тағы бір хадисінде: «Әлсіздерге, науқастарға, қарттарға және кішілерге мейірімділік көрсетіңдер!» және «Қарттарға құрмет және сияпат, Алла тағалаға деген құрметтен туындайды», – деген. Олай болса, дәстүрлі дініміз бен бабаларымыздан мұра болған қайырымдылық қасиеттерімізді жоғалтпайық.

**Ахмет ишан Оразайұлы атындағы Жезқазған аймақтық мешітінің баспасөз қызметі**

# ЖАС ҒАЛЫМДАР КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ

**Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің ұйымдастыруымен студенттер мен жас ғалымдардың «Келешек-2019» респуб-ликалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Конференция өз жұмысын Жастар жылына арнады.**

Пленарлық мәжілісті Ө.А.Бай-қоңыров атындағы Жез-қазған университетінің ректоры, т.ғ.д., професссор Әбділмәлік Тәкішев ашты. Әбділмәлік Арғынұлы өз сөздерінде конференция қонақтары мен қатысушыларын студенттер мен жас ғалымдардың республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының ашылуымен құттықтап, конференция жұмысына сәттілік тіледі. Пленарлық мәжілісте білім беру мен ғылым, тау-кен, экономика, жаратылыстану салаларының өзекті мәселелерін көтерген мақалалар талқыланып, баяндамалар оқылды.

«Келешек-2019» студенттер мен жас ғалымдардың респуб-ликалық ғылыми-тәжірибелік конфе-ренциясының секциялық мәжілістері төрт бағытта жұмыс жасады. Олар: техника ғылымдары, экономика ғылымдары, гуманитарлық ғылым-дар, жаратылыстану ғылым-дары. Конференция жұмысына



республикамыздың жоғарғы оқу орындарының студенттері мен магистранттары, колледждері мен мектептерінің оқушылары, жас ғылыми қызметкерлер қатысты. Оның ішінде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінен, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінен, Е.Бөкетов атын-дағы Қарағанды мемлекеттік университетінен, Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінен, сондай-ақ, Қарағанды, Жезқазған, Сәтбаев қалаларының колледждері мен мектептерінен барлығы 97 баяндама қаралды.

Қорытынды мәжілісте бүгінгі күннің өзекті мәселелерін көтерген мазмұнды баяндама жасаған баяндамашылар мақтау қағаздар мен алғыс хаттармен марапатталды.

«Келешек-2019» студенттер мен жас ғалымдардың рес-публикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері ғы-лыми мақалалар жинағына енді және конференцияның барлық қатысушыларына сертификаттар тапсырылды.

**Өз тілшіміз**
*Суретті түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# ЖАСТАР ЖЫЛЫНЫҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ

**Қаламыздағы С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрында «Екі Жұлдыз – 2019» байқауы өтті. Бұл жобаны Жезқазған медициналық колледжі Жастар жылы аясында тұңғыш рет ұйымдастырды.**

Бұл байқаудың мақсаты – ұжымның бір-біріне деген құрметін арттыру, шығармашылық байланыстарын нығайту, сахна мәдениетіне баулып, өзін еркін ұстап, ойын ерік жеткізуіне қалыптастыру және жастардың бос уақытын тиімді өткізу. Өнер сайысында төмендегі дуэттер бақтарын сынады: «Көктем» дуэті Гүлнар Қазалиева, Айткүл Ермағанбетова, «Керім-ай» Айгүл Қалманбаева мен Құралай Әзімханова, дуэт «Star bands» Алма Оразбекова мен Жаңалық Саткешов, Дуэт «Ғафиз» Қуаныш Бейсекбаев пен Зарема Құндықова соңғы жұп «Томпақтар» Гүлзейнеп Кенішбаева мен Нұрбек Бөлеген.

Сайыскерлерге өнер және білім саласының өкілдері қазылық етті. Жиналған қауымды колледждің директоры Меруерт Молдина және колледждің кәсіподақ төрайымы Лариса Цай құттықтап, үміткерлерге сәттілік тіледі. Сондай –ақ, колледждің ұстаздары мен қызметкерлеріне 8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне орай сый-құрмет жасады. Байқау үш кезеңнен тұрды «Мысты қалам – Жезқазған» ән байқауы, «Еркін тақырыптағы ән» және «Би» сайысы. Бас жүлде үшін сынға түскен сайыскерлер бар өнерін ортаға салды. Барлық жұп жоғары деңгейде өнерлерін ортаға салып, көрермендер мен жанкүйерлерінің ыстық ықыласына кенелді. Қазылар алқасының шешімімен «Star bands» пен «Томпақтар» дуэті бас



жүлдеге лайық деп танылып, тең бөліп алды. Басқа үміткерлер түрлі номинациялар бойынша арнайы диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Кеш барысында аймағымыздың мақтанышы «103» КТК құрама командасының әзілкештері мен колледждің өнерпаздары мерекелік көңіл- күй тарту етті.

**Ізтөлеу ТҮСІПОВ**

# ТАЛАПТЫЛАР – ТАЛАПТА

**Халықтың еркін демалуына деген ерікті белсенділігін қарастыра отырып, уақытты тиімді пайдалануына, қоғам мен отбасының рухани дамуына, халықтың көркем өнер мен салауатты өмір салтын ұстануына ықпал ету мақсатында Талап ауылы клубының ұйымдастыруымен бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды.**

Жезқазған қаласының 65 жылдығы, Ауғанстаннан Кеңес әскерінің шығарылғанына 30 жыл және «Жастар жылына» орай бір ай бойы ауылда «Жұлдызды топ» сайысы өтті. Ол сайыс үш кезеңнен: «Денсаулық кепілі – спорт», «Шебер қолдар» және «Ән – көңілдің ажары» ән байқауы сайыстарынан тұрды. Бұл сайысқа ЖОББ № 14 Талап ауылы мектебінен «Достық» және Талап ауыл әкімшілігінен «Бірлік» командалары қатысты.

Сайыстың 1-кезеңі ақпан айының алғашқы аптасында «Денсаулық кепілі – спорт» ауыл әкімшілігі алдында бастау алды. Сайыс Әнұранмен ашылып, командалар бір-біріне жалынды сәлем жолдады. Жарысқа қатысушылар бар күш-жігерлерін ортаға салды. Онда түрлі спорт ойындары, арқан тартыс,марафон және шана жарысы ұйымдастырылды. Әкімшілік алдында ыстық шәй, көңілді әндер сыйлаған Талап ауыл клубының ұйымдастырушыларына сайыскерлер мен жанкүйерлердің алғысы шексіз болды.

Араға бір апта салмай сайыстың келесі 2-кезеңі «Шебер қолдар» байқауы басталды. Бұл сайыс Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілді. Қос топтың шеберлері қазақтың ұлттық нақыштарын дәріптейтін түрлі бұйымдары мен өздерінің төл туындыларын көпшілік назарына ұсынды. Командалар өз туындыларын жеке-жеке таныстырып, тарихынан сыр шертті.

Сайыстың 3-кезеңі «Ән – көңілдің ажары» ән байқауы сайысы болды. Әр команда топпен патриоттық бір ән және жеке дауыста бір ән орындады. Бұл сайыста сайыскерлердің әнді қаншалықты таза және мазмұнды



орындағандығы, дикциясы, сахна мәдениеті, сахнаға сай киім киісі ескерілді.

Қазылар шешімімен командалар мен сайысқа қатысушыларға 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында Талап ауылы клубы арнайы ұйымдастырған концерттік бағдарлама барысында бағалы сыйлықтары мен дипломдар табысталды. Атап айтар болсақ, «Жұлдызды топ» сайысына қатысып, белсенділік танытқаны үшін ЖОББ № 14 Талап ауылы мектебінің тарих пәні мұғалімі Бақыткүл Баисова,Талап ауыл тұрғыны Дина Салықбаева және «Жұлдызды топ» сайысында айрықша белсенділігімен ерекшеленіп жеңіске жеткен «Бірлік» командасы марапатталды.

**Өз тілшіміз**

ТУҒАН ЖЕР

# АУЫЛ – АЛТЫН БЕСІК

**Әр адамға туған жері, Отаны ыстық және қымбат. Сәби дүниеге шыр етіп келгеннен бастап оған туған өлкесі ерекше қадірлі, тіпті, өз анасындай ыстық болады.**

Егер Отаныңнан жырақта жүрсең, оны ұмытпай, жүрегіңнің түбінде сақтайсың. Бір шалғайда жатып сағынсаң, ол Отанға деген сүйіспеншілік деп түсінеміз. Бұл – барлық адамда болатын сезім. Әр адамға өз ауылының түтіні алтыннан да қымбат. Талай ақын-жазушы туған жеріне том-том кітап жазып, жыр арнаған. Солардың бірі – Ескендір Хасанғалиев атамыз. Ол «Атамекен» әнін көңілдің күйін, жүректің сырын шертіп, үлкен толғаумен патриоттық сезіммен шырқайды. Еліміздің байлығы мен сұлулығы туралы жырлайтын әндер халық арасында кеңінен тараған. Олардың ішінде «Жайлаукөл кештері», «Сыр өңірі», « Туған жер» және т.б тамаша әндері бар.

«Туған жерің – шежірең» демекші, адам өзінің өсіп-өнген жерінің тарихын білуге тиіс. Туған жерің – тұғырың, өскен елің – өзегің болып саналады. Атамекен – ұрпақтан ұрпаққа қалып отырған, «кір жуып, кіндік кескен» киелі мекен, ата-бабамыз тұрған қоныс. Бабаларымыздың бізге аманат етіп қалдырған ең қымбат мұрасы да осы.

Ата жұрттан өзге елде өмір сүріп жатқан қаншама қандастарымыз бар. Олар туған жерін сағынғаннан Қазақстанды әнге қосып, жүрек сазын жырлайды. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген мақал осы жайында айтылғандай.

Мен де өз елімді, жерімді сүйемін. Бала кезімнен Теректі туралы әңгімелер мен әндерге құлақ түріп өсіп келемін. Анамның, туған-туыстарымның айтқандарын жадымда сақтап, іштей мақтанамын. Адамның туған ауылына, туған қаласына деген сүйіспеншілігі бала кезінен қалыптасады. Барлығымыз үшін Отан ошақ басынан басталады. Мен үшін Теректінің орны ерекше. Туған жерім Теректім – менің осы ғаламдағы жерұйығым.

**Марал ОКТЯБРЬ,**
**№6 Теректі орта мектебінің 7-сынып оқушысы**